

"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 12 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 24 қаңтарда № 35670 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. "Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

""Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 11-1) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында:

12-тармақ жаңа редакцияда жазылсын:

"12. Балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік, физикалық қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру:

- 1) дене тәрбиесі (ерекше балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) тіл дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі;
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған әлеммен таныстыру;

11) сурет салу;

12) мүсіндеу;

13) жапсыру;

14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.";

көрсетілген бұйрыққа 2 және 3-қосымшалар осы бұйрыққа 1 және 2-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Орта білім беру комитеті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрықты ресми жарияланғаннан кейін Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің Заң департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының оқу-ағарту вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық осы бұйрықтың 1-тармағының 2026 жылғы 1 қыркүйектен бастап 1, 5 сыныптар үшін, 2027 жылғы 1 қыркүйектен бастап 2, 6 сыныптар үшін, 2028 жылғы 1 қыркүйектен бастап 3, 7 сыныптар үшін, 2029 жылғы 1 қыркүйектен бастап 4, 8 сыныптар үшін, 2030 жылғы 1 қыркүйектен бастап 9 сыныптар үшін енгізілетін 21-абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Оқу-ағарту министрінің 15.04.2025 № 74 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

*Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі*

Г. Бейсембаев

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 23 қаңтардағы
№ 12 бұйрығына
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 348 бұйрығына
2-қосымша

Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 56-бабына, "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне, оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу, тәрбие жұмысын ұйымдастыру, мектепішілік бақылау, педагогтерді аттестаттау, оқыту нәтижелерін бағалау, білім алушыларды қорытынды аттестаттау және білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу осы Стандарт талаптарының негізінде жүзеге асырылады.

3. Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) академиялық адалдық – оқудағы білім беру жетістіктерінің шынайылығын қамтамасыз ететін, білім алушылардың мінез-құлқын айқындайтын адамгершілік және этикалық қағидаттар жиынтығы;

2) білім алушының дайындық деңгейі – күтілетін нәтижелер түріндегі пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерді көрсететін білім алушының білім мазмұнын меңгеру деңгейі;

3) білім берудің базалық құндылықтары – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, білім беруді жеке тұлғаны дамытуға бағыттайтын ұстанымдар, сенімдер мен идеялар;

4) білім берудің базалық мазмұны – білім беру ұйымдарының түріне және нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, білім алушылардың меңгеруіне міндетті білім мазмұнының құрамы, құрылымы және көлемі;

5) білім беру саласы – сабақтас оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын бастауыш білім берудің базалық мазмұнының құрамдас бөлігі;

6) ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жеке дамыту бағдарламасы – балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде кешенді көмектің негізгі бағыттары мен мазмұнын анықтайтын бағдарлама;

7) ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін оқу бағдарламаларын бейімдеу – Стандартпен белгіленген көлемге және сыныпта оқу қарқынына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын меңгеруде қиналатын балаларға арнап Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізуі;

8) жеке оқу бағдарламасы – зияты бұзылған білім алушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы сыныпта оқитын білім алушыларға, зияты бұзылған білім алушыларға арналған оқу пәндерінің мазмұнын айқындау үшін орта білім беру ұйымдарының педагогтері әзірлейтін құжат;

9) көптілді білім беру – ерте жастан бастап кезең-кезеңімен немесе қатарынан бірнеше тілді үйренуді көздейтін білім беру моделі;

10) мазмұндық концептілер – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін негізгі құндылық бағдарлары;

11) метапәндік құзыреттіліктер – білім алушының нақты өмір жағдаяттарында білімді қолдану қабілетін қамтамасыз ететін әмбебап дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығы;

12) оқудан тыс әрекет – үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім беру процесінің бөлігі;

13) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктері негізінде білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

14) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін қажетті және бастауыш білім беру деңгейлері мен оқу жылдары бойынша белгіленген оқу уақытының көлемі;

15) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, оқыту тіліне қарамастан, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

16) оқу жұмыс жоспары – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде орта білім беру ұйымы әзірлейтін құжат;

17) оқытудан күтілетін нәтижелер – білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын көрсететін құзыреттіліктер;

18) пәндік құзыреттіліктер – білім алушының оқу пәні бойынша меңгерген білім, білік және дағдыларын қолдана білу қабілеттерінің жиынтығы;

19) түзету-дамыту бағдарламасы – дамуындағы бұзылыстардың түрлері бойынша мүмкіндіктері шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмысының мазмұнын, бағыттары мен реттілігін анықтайтын бағдарлама;

20) түзету компоненті – арнайы білім беру жағдайында оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың бұзылған функцияларын түзетуге және орнын толтыруға бағытталған арнайы оқу сабақтарының жиынтығын қамтитын Үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненті;

21) түйінді құзыреттіліктер – білім беру деңгейін аяқтаған тұлектің қоғамға табысты бейімделуіне қажетті тұлғалық қасиеттерінің, дағдылар мен қабілеттерінің жиынтығы;

22) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін реттейтін және тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің міндетті көлемін айқындайтын құжат.

4. Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарларының және Үлгілік оқу бағдарламаларының іске асырылуына үздіксіз мониторинг жүргізіледі.

5. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыру мониторингінің, білім алушылардың оқу жетістіктерінің, халықаралық салыстырмалы зерттеулердің, ғылым мен технологиялар жетістіктері мониторингінің нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың басымдықтары Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

2-тарау. Білім мазмұнына қойылатын талаптар

6. Бастауыш білім берудің мазмұны:

1) қоғамның заманауи талаптарын, ғылым мен техниканың жетістіктерін;

2) сыни және шығармашылық ойлауды дамытуды;

3) оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіруді;

4) пәнаралық байланысты, білім беру деңгейлері арасындағы үздіксіздік пен сабақтастықты қамтамасыз етуді;

5) білім мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы тепе-теңдікті сақтауды;

6) оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етуді;

7) білім берудегі инклюзивті тәсілді ескере отырып айқындалады.

7. Бастауыш білім берудің мақсаты – базалық мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ету, құндылықтар негізінде пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерді қалыптастыру.

8. Бастауыш білім берудің міндеттері:

1) сауатты сөйлеу, оқу, жазу және есептеу дағдыларын қалыптастыру;

2) функционалдық сауаттылықты, зерттеу дағдыларын қалыптастыру;

3) құндылық бағдарларын, дүниетанымын, ұлттық сана-сезімін қалыптастыру;

4) салауатты өмір салтына баулу, физикалық, көркемдік-эстетикалық, шығармашылық, әлеуметтік-тұлғалық қабілеттерін, еңбекқорлығын дамыту және әлеуметтендіру.

9. Білім беру мазмұны келесі базалық құндылықтарға бағытталған:

- 1) тәуелсіздік және патриотизм;
- 2) бірлік пен ынтымақ;
- 3) әділдік пен жауапкершілік;
- 4) заң және тәртіп;
- 5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;
- 6) жасампаздық және жаңашылдық.

10. Білім берудің мазмұны бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, оқу-танымдық, зерттеушілік, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағдарланады.

11. Құндылықтарға негізделген "Адам", "Ар-ұждан", "Намыс", "Отбасы", "Отан", "Тіл", "Мәдениет", "Білім", "Еңбек", "Табиғат" мазмұндық концептілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

12. Білім беру процесі құндылыққа, тұлғаға бағытталған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдер негізінде іске асырылады.

13. Бастауыш білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағытталады және оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарларымен және Үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалады.

14. Зияты жеңіл және орташа бұзылған білім алушыларға арналған білім беру ұйымдарындағы инварианттық компоненттің білім көлемі мен оқу пәндерінің мазмұны Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін Бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

16. Көптілді білім беру тілдерді кезең-кезеңімен немесе қатарынан бірнеше тілді оқыту негізінде:

- 1) қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру;
- 2) қазақ, орыс және шетел тілдерінде сабақтан тыс іс-шаралар ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

17. Бастауыш білім берудің мазмұны "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады.

18. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны:

- 1) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда: "Әліппе", "Ана тілі", "Қазақ тілі", "Әдебиеттік оқу", "Орыс тілі", "Шетел тілі";

2) орыс тілінде оқытатын сыныптарда: "Букварь", "Обучение грамоте", "Қазақ тілі", "Русский язык", "Литературное чтение", "Шетел тілі";

3) ұйғыр тілінде оқытатын сыныптарда: "Елипбә", "Сауат ашу", "Қазақ тілі", "Ұйғыр тілі", "Әдебиеттік оқу", "Орыс тілі", "Шетел тілі";

4) өзбек тілінде оқытатын сыныптарда: "Алифбе", "Сауат ашу", "Қазақ тілі", "Өзбек тілі", "Әдебиеттік оқу", "Орыс тілі", "Шетел тілі";

5) тәжік тілінде оқытатын сыныптарда: "Алифбо", "Сауат ашу", "Қазақ тілі", "Тәжік тілі", "Әдебиеттік оқу", "Орыс тілі", "Шетел тілі" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

19. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны Қазақстанның ұлттық мәдениетінің бірлігі мен әртүрлілігі, ұлттық сана-сезімнің негізі, белсенді коммуникация құралы ретінде сөйлеу қызметінің төрт түрі бойынша дағдыларды дамыту арқылы мемлекеттік тіл туралы түсініктерін қалыптастырады. Тілдік пәндердің мазмұны ақпарат алмасу үшін бастапқы коммуникативтік дағдыларды қалыптастыруға, тілдік материал ретінде мәтінмен жұмыс істей білуін дамытуға, фразалар мен сөз оралымдарын нақты қарым-қатынас жағдайларында қолдануға бағытталған.

20. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны "Математика", "Цифрлық сауаттылық" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

21. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны білім алушылардың қоршаған ортаның алуан түрлі объектілері мен құбылыстарын сипаттау үшін бастапқы математикалық білімін қалыптастыруға; ауызша және жазбаша есептеу алгоритмдерін игеруге; есеп шығарудың жалпы амалдарын, өлшем және есептеу дағдылары негізінде логикалық ойлау машықтарын дамытуға; ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың қарапайым құралдарын қолдану дағдыларын, ақпаратты іздеу, таңдау, жеткізу, объектілер мен процестерді жобалау, кестелермен, сызбалармен, графикалармен және диаграммалармен жұмыс істеуде ең қарапайым әдістерді қолдану, интерпретациялау және деректерді беру машықтарын қалыптастыруға бағытталады.

22. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану" оқу пәнінде жүзеге асырылады.

23. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Адам – Табиғат" жүйесіндегі ғылыми білімнің қарапайым деңгейін қамтамасыз етеді, білім алушылардың табиғатты тануға деген қызығушылығын, зерттеу дағдыларын дамытуға, қоршаған ортаны ғылыми тұрғыдан түсініп, көре білуді, экологиялық мәдениетін қалыптастыруға бағытталған. Жанды және жансыз табиғаттың құбылыстары мен процестерінің өзара байланыстарының себебін ұғыну және түсіну, қоршаған ортаның көптүрлілігі мен күрделілігін саналы аңғару білім алушылардың ой-өрісін кеңейтеді.

24. "Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінде жүзеге асырылады.

25. "Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны білім алушының ар-ұят, намыс, мейірімділік қасиеттерін, Отан үшін мақтаныш сезімін қалыптастыруға, жергілікті, ұлттық және жаһандық қауымдастықтағы өз орнын білуге; ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды түсінуге, отбасында, қоғамда қарым-қатынас жасауға; әлеуметтенуге, өз халқының және әлем халықтарының мәдениетіне құрмет көрсетуге, өз әрекеті үшін жауапкершілігін ұғынуына, бастапқы құқықтық және қаржылық сауаттылық дағдыларының қалыптасуына, қауіпсіздік негіздерін меңгеруіне бағытталады.

26. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Еңбек", "Бейнелеу өнері" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

27. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны қоршаған әлемді тұтас қабылдауға, оны визуалды өнер мен музыка құралдары арқылы тануға; бейнелеу өнерінің, қолөнер мен музыканың адам өміріндегі рөлі туралы алғашқы түсініктерді дамытуға, қазақтың ұлттық сәндік-қолданбалы өнеріне, салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына, әлем халықтарының өнеріне құрметпен қарауға; өнердің алуан түріне адамгершілік-эстетикалық көзқарасын тәрбиелеуге, көркем және музыкалық-шығармашылық дамуына бағытталған.

28. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу пәнінде жүзеге асырылады.

29. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны дененің физикалық қасиеттерін дамытуға, жалпы дамыту жаттығуларын өз бетімен орындауға; салауатты өмір салты мәдениетін дарытуға; дене шынықтырудың адам өміріндегі рөлі туралы түсініктерді қалыптастыруға; спорт, қазақтың ұлттық спорт түрлері туралы ақпаратты өз бетімен таба білуге және оны өзінің денсаулығын нығайту үшін пайдалана білу дағдыларын қалыптастыруға; оқу, ойын және жарыс әрекеттері кезінде құрбы-құрдастарымен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыруға бағытталған.

30. 1-4-сыныптарда өмір қауіпсіздігінің негіздерін меңгеру міндетті. Мазмұны "Дүниетану" оқу пәнінің шеңберінде: 1-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағаттан, 4-сыныпта 10 сағаттан бастауыш сынып педагогтері жүзеге асырады.

31. "Жол жүру ережелері" оқу курсының мазмұнын 1-4-сыныптарда сынып сағаттары есебінен әр сыныпта 6 сағаттан және сабақтан тыс уақытта, жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсете отырып, сынып жетекшілері жүзеге асырады.

3-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. Бастауыш білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының дайындық деңгейі оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижесінде білім алушылардың пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасу деңгейімен айқындалады.

33. Бастауыш білім беру мазмұнын меңгеруден күтілетін нәтижелері түйінді құзыреттіліктер түрінде айқындалады:

Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін, елдің тарихын, мәдениеті мен салт-дәстүрлерін құрметтейді;

басқалармен жағымды қарым-қатынас орната алады, командада жұмыс істейді және ортақ мақсаттарға жетуге ұмтылады;

кез келген өмірлік жағдайларда адалдық танытады, өз әрекеттері үшін жауапкершілікті сезінеді;

қоғамда жалпы қабылданған нормалар мен ережелерге сәйкес әрекет етеді;

өзін-өзі ұйымдастыру және өзін-өзі бақылау дағдыларын көрсетеді;

оқуда және күнделікті іс-әрекетте шығармашылық көзқарас танытады.

34. Бастауыш білім беруде қазақ тіліне ерте бойлату бағдарламасы іске асырылады (білім беру ұйымының таңдауы бойынша).

35. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болады.

36. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер бастауыш білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарында нақтыланады.

37. Оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке даму траекторияларын қалыптастыруға және олардың оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен қол жеткізуге ұмтылуына мүмкіндік жасайды.

38. "Тіл және әдебиет" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

"Қазақ тілі" (қазақ тілінде оқытатын сыныптарда), "Орыс тілі" (орыс тілінде оқытатын сыныптарда), "Ұйғыр Тәжік тілі" (ұйғыр тілінде оқытатын сыныптарда), "Өзбек тілі" (өзбек тілінде оқытатын сыныптарда), "Тәжік тілі" (тәжік тілінде оқытатын сыныптарда), "Әдебиеттік оқу":

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тыңдалым және айтылым: әңгімелесудің, оқылған немесе тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінеді және жеткізе алады; сөйлеушінің көзқарасын жеткізу жолдарын айқындайды, қорытынды шығарады; пікірталастың тақырыбын түсінеді және сөйлеу нормасын сақтай отырып, оны талқылауға қатысады;

сөйлеу барысында синонимдерді, антонимдерді, омонимдерді, тура және ауыспалы мағыналы сөздерді саналы түрде қолданады; әңгімелеу және сипаттау мәтіндерінің мазмұнын баяндаудың түрлі тәсілдерін пайдаланады; көркем шығармалардың мазмұнын баяндаудың түрлі тәсілдерін қолданады; тыңдағандарына және оқығандарына қатысты пайымдайды, өз ойымен және эмоциясымен бөліседі;

бөлімше тақырыбына сәйкес өз көзқарасын дәлелдейді, коммуникативтік дағдыларды пайдаланады, логикалық тұрғыдан негізделген өзіндік пікір білдіреді;

әңгімелесушіні тыңдай алады; тыңдалған ақпарат негізінде деректерді талдайды және түсіндіреді; сөйлеу дағдыларын жетілдіру үшін жасанды интеллект құралдарын пайдаланады.

2) оқылым: халық ауыз әдебиеті мен балалар әдебиеті туындыларын, тарихи-мәдени мұралар туралы оқиды, кейіпкерлердің мінез-құлықтарын талдайды және іс-әрекеттеріне баға бере алады; көркем мәтіндерді ажыратады; көркем шығармалардың негізгі идеялары мен композициясын айқындайды; көркем туындының жанрын айқындайды, өзінің жауабын/таңдауын анық, жасқанбай жеткізе біледі; автордың бейнені сомдау үшін қолданған әдеби көркемдеуіш құралдарын айқындайды; жазушының өз кейіпкерлеріне қатынасы туралы қорытынды жасайды және жақсы мен жаманды ажырата алады; мәтіндерді белгілі бір оқу түрлері мен стратегияларын қолдана отырып оқиды; шығармалардағы оқиғалар барысын болжайды; мәтін түрлерін (сипаттау, әңгімелеу, пайымдау) айқындайды; әңгімелерді/өлеңдерді мәнерлеп оқиды; өлеңді мәнерлеп жатқа оқиды; көркем әдебиет туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын түсінеді;

3) жазылым: сәйкес сөздерді таңдай отырып, әр түрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; грамматикалық, пунктуациялық және орфографиялық нормаларға сай жазады; мәтіндер құру үшін жазылымның түрлі формаларын (суреттер, сызбалар, кескіндер, кестелер) қолданады; жазудың гигиеналық және каллиграфиялық талаптарын сақтайды; Қазақстан халқының мәдениетіне, салт-дәстүріне байланысты тақырыптарға өзінің жеке көзқарасын білдіреді; академиялық жазу дағдыларын жетілдіру үшін жасанды интеллект құралдарын пайдаланады.

"Қазақ тілі" (оқыту орыс, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда)/ "Орыс тілі" (оқыту қазақ, ұйғыр, өзбек, тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда):

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тыңдалым: қарым-қатынас жасаудың әлеуметтік-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени салалары үшін өзекті аудиовизуалды материалдардың мазмұнын түсінеді; мәтіннің тақырыбын, негізгі идеясын, мәтіндегі басты және қосалқы ақпараттың мағынасын барынша толыққанды, терең және дәл түсіне алады; қарым-қатынас жасау жағдаяттарына, орнына және қарым-қатынасқа (коммуникацияға) қатысушыларға қарай сөйлеу стильдерінің қалай өзгеретінін түсінеді; түрлі пікірлерді ескере отырып, оқиғаның/әңгіменің мазмұнын болжайды;

2) айтылым: алдын ала дайындалған жазбалар мен жоспарды пайдалана отырып, әңгіменің, оқиғаның мазмұнын жеткізеді; оқиғаны, естігені бойынша сұрақ қояды және көзқарасын білдіреді; ұсынылған тақырып пен белгіленген коммуникативтік тапсырма бойынша өзара байланысқан, логикалық жүйеге құрылған хабарламаны құрастырады; әлеуметтік-тұрмыстық қарым-қатынаста түрлі тілдік жағдаяттарға сай өзінің коммуникативтік ниетін білдіре отырып, диалогқа қатысады;

3) оқылым: оқу түрлері мен стратегияларын пайдалана отырып, мәтіндерді оқиды; таныс емес сөздері бар мәтіннен негізгі ақпаратты, автордың көзқарасын түсінеді; көркем мәтіндерді ажыратады; түрлі дереккөздерден қажетті ақпаратты табады; идеяны, оқиғаларды және кейіпкерлер іс-әрекеттерінің себептерін түсінетінін көрсетеді; сөздіктер мен анықтамалықтарды пайдаланып, таныс емес сөздер мен фразалардың мағынасын анықтайды; қазақ және әлем әдебиетінің көркем туындыларындағы адамзаттың ортақ құндылықтарын түсінеді;

4) жазылым: тыңдалған мәтіннің, оқылған ақпараттың және көрген оқиғаның (тақырыптар, жекелеген деректер, пікірлер) қысқаша жазбаларын жасайды; орфографиялық, грамматикалық және пунктуациялық нормаларды ескере отырып, баяндау (баяндаусыз) сипатындағы мәтіндерді құрастыру үшін тиісті лексикалық бірліктерді пайдаланады.

"Шетел тілі":

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тыңдалым: таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелесудің негізгі мазмұны мен нақты ақпаратын, нұсқаулардың кең ауқымын және қарапайым сұрақтарды түсінеді, таныс сөздер мен фразалардың айтылуын ажырата алады; түстер мен сандар туралы қысқа сұрақтарды түсінеді; таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелердің мазмұны мен мағынасын болжау үшін мәнмәтіндік тірек сөздерді пайдаланады; баяу және айқын дыбысталып айтылған шағын әңгімелердің жалпы мағынасын түсінеді;

2) айтылым: өзі туралы пікір айтады, сұрақтар құрастырады; этикалық норманы сақтай отырып сұрақтарға жауап береді; адамдар, заттар, оқиғалар, іс-әрекеттері мен сезімдерін сипаттағанда негізгі сөздер мен фразаларды дұрыс интонациямен және екпінмен айтады; өзінің көзқарасын ашық білдіреді (ұнайды/ ұнамайды); таныс тақырыптар бойынша қысқа әңгімелерді мазмұндайды;

3) оқылым: иллюстрацияланған сөздікті, оның ішінде цифрлық құралдар мен платформаларды пайдаланады; әлеуметтік-тұрмыстық тақырыптағы көлемі шағын көркем және көркем емес мәтіндерді түсінеді; қысқа мәтіндердің негізгі ойын айқындайды; әртүрлі типтегі (веб-сайттар, әлеуметтік желілер, электронды пошталар, жарнамалық хабарламалар, арнайы іс-шаралар бағдарламалары, парақшалар мен брошюралар) қысқа тұтас және тұтас емес мәтіндердегі жалпы, негізгі және нақты ақпаратты анықтайды;

4) жазылым: жиі қолданылатын сөздердің жазылуы мен айтылуы арасындағы айырмашылықты білетіндігін көрсете отырып, дұрыс жазады; сөздердің ретін сақтай отырып және тыныс белгілерін дұрыс орналастыра отырып, таныс тақырыптарға сөйлемдер жазады; мәтіннің әртүрлі формаларын (суреттер, сызбалар, графиктер мен кестелер) қолдана отырып, қысқа мәтіндер (ашық хаттар, хаттар немесе жарнамалар) жазады және қажет болған жағдайда, жасанды интеллект мүмкіндіктеріне жүгінеді.

39. "Математика және информатика" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) "цифр", "сан", "өлшем", "өлшем бірліктері", "санның үлесі", "жай бөлшек", "аралас сан", "санды өрнек", "әріпті өрнек", "теңдеу", "теңдік", "теңсіздік", "пайыз", "жиын", "ақпарат", "объект", "файл", "бума", "таңбаша (ярлык)", "модель", "компьютер желісі", "Интернет" ұғымдарының мәнін; ондық санау жүйесіндегі разряд бірліктерінің мәндерін; жазық және кеңістіктік геометриялық фигуралар мен олардың элементтерін; шаршы және тік төртбұрыштың периметрі мен ауданын, текше және тіктөртбұрышты параллелепипедтің көлемін табу формулаларын; операциялық жүйе объектілерінің қызметін; ақпаратты ұсыну түрлері мен өлшем бірліктерін; компьютердің негізгі құрылғыларын; енгізу мен шығару құрылғыларын; қолданбалы, сервистік бағдарламалардың және операциялық жүйенің мақсатын, компьютерде жұмыс істеген кезде қауіпсіздік техникасы ережелерін біледі;

2) натурал сандарға, шамаларға және олардың арасындағы байланысқа қатысты арифметикалық амалдардың мәні мен ретін; арифметикалық әрекеттердің қасиеттерін; шамалар арасындағы қарапайым өзара тәуелділікті; пайызды бөлшек санмен өрнектеуді, бөлшек сандарды пайызбен өрнектеуді; тұрақты және айнымалы шамалар арасындағы айырмашылықтарды; компьютердің негізгі бөліктерінің қолданылуы, құрылымдарының, операциялық жүйе интерфейсі элементтерінің кіру және шығу құрылғысы; компьютерлік техниканың адам денсаулығына тигізетін әсері; ақпаратты және құрылымдарды зиян келтіретін бағдарламалардан қорғаудың маңыздылығы; ақпаратты қолдануда авторларға сілтеме жасау қажеттілігін түсінеді;

3) өрнектер жазу үшін, санды өрнектерді түрлендіру үшін, есептер шығару үшін математикалық символдарды, арифметикалық амалдар мен қасиеттерді; натурал сандарды бөлгіштері бірдей бөлшектерді қосу және азайту ережелерін; ауызша және жазбаша есептеу амалдарын; шамалардың стандартты және стандартты емес өлшем бірліктерін (ұзындық, периметр, аудан, көлем, масса, уақыт); шамаларды өлшеу құралдарын, геометриялық фигуралардың кескінін; есеп шарттарын жазудың математикалық тілі мен графикалық модельдерін; теңдеулер мен теңсіздіктерді шешу алгоритмдерін; периметр мен ауданды есептеу формулаларын (шаршының, тік төртбұрыштың, тікбұрышты үшбұрыштың); санның бөлігін және оның бөлігі бойынша санды табу білігін қолданады; жиынның бірігуін, қиылысуын анықтайды; симметриялы фигураларды бейнелейді; ақпаратты жинауға, сақтауға, өңдеуге және жеткізуге арналған ақпараттық-коммуникациялық технологияларды; ақпараттың алуан түрлерімен жұмыс істеуге, модельдер құруға арналған қолданбалы бағдарламаларды пайдаланады;

4) ауызша және жазбаша санаудың рационалды тәсілдерін; есептерді шешудің түрлі тәсілдері мен рационалды тәсілдерін тандайды; геометриялық фигуралардың

ерекшеліктерін; санды өрнектер мен айнымалысы бар өрнектердің мәндерін салыстыру нәтижесін; әртүрлі шамалар арасындағы тәуелділіктерді (сан, баға, құн, жылдамдық, уақыт, арақашықтық, еңбек (жұмыс) өнімділігі, жұмыс ұзақтығы, жұмыс көлемі); заңдылықтарды және тізбектің жетіспейтін элементтерін табуды; күрделі емес комбинаторикалық және логикалық есептерді; есеп шартының сызба, кесте, график, диаграмма түрлеріндегі жазбасын; санаумен, өлшеумен байланысты деректер мен нәтижелерді, заттарды олардың белгілері мен сұрыптау үшін кеңістікте орналасуын; қолданбалы бағдарламалардың мүмкіндіктерін; желіде этикалық және құқықтық нормалардың бұзылу салдарын; түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты талдайды;

5) есептер шығару үшін шамалар арасындағы байланыстың математикалық моделін; шынайы әлемнің нақты нысандары мен процестерінің бейнелер мен сызбалар түріндегі ең қарапайым модельдерін; ұсынылған мәліметтер немесе математикалық модельдер бойынша есеп және оған кері есеп; берілген заңдылықтар бойынша тізбек құрастырады, оқу материалын меңгеру деңгейіне сәйкес оқу үшін жасына байланысты жасанды интеллект құралдары мен платформаларын қолдану; практикалық міндеттерді шешу үшін ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, объектілер мен жағдаяттардың модельдерін; қолданбалы бағдарламалар мен желілік қызметтердің мүмкіндіктері туралы білімдерін түрлі міндеттерді шешу үшін жинақтайды;

б) есептеулер мен есептерді шешу нәтижелерін; өлшем нәтижелерін; сандар, шамалар, геометриялық фигуралар туралы қарапайым тұжырымдардың ақиқаттылығын немесе жалғандығын; графика, кесте, диаграмма түрінде берілген деректерді; қолданбалы бағдарламалар мен желілік қызметтердің түрлі міндеттерді шешуде пайдалану мүмкіндіктерін бағалайды; өз міндеттерін жауапты орындай отырып, тиісті жобалар мен міндеттеді орындау кезінде командада табысты жұмыс істеу құралы ретінде жасанды интеллекті және ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.

40. "Жаратылыстану" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) Күн жүйесінің ғаламшарларын; Жер мен оның табиғаты туралы, Ғалам туралы негізгі жаратылыстану ғылыми түсініктерін; ғылыми таным әдістерін: бақылау, эксперимент, тәжірибе; зерттеуді жоспарлау мен жүргізу барысындағы қауіпсіздік техникасы негіздерін біледі және сақтайды; апатты табиғи құбылыстар кезінде әрекет ету қағидаларын; адамның, тірі ағзалардың өмірлік циклдерін; адамның, тірі ағзалардың негізгі органдарының құрылымы мен орналасу ерекшеліктерін және олардың функцияларын; тірі ағзалардың жіктелуін; жарықтың, дыбыстың кейбір қасиеттерін; қозғалыс, жылдамдық, физикалық күштерді және олардың пайда болу себептерін; электр мен жылудың түрлерін; Жер бетінде кеңінен таралған заттардың

құрамы мен қасиеттерін; түрлі денелердің қасиеттерін және олар қолданатын кейбір салаларды; пайдалы қазбалардың негізгі түрлерін және олардың маңызын, Қазақстан Республикасындағы пайдалы қазбалардың негізгі кен орындарын біледі;

2) физикалық қасиеттерді; қоршаған ортаға қамқорлықпен қараудың және Жердегі биоалуантүрлілікті сақтаудың маңыздылығын; табиғат компоненттерінің тірі ағзалар үшін маңызын; қоршаған ортаға енудің құралы ретіндегі ағзалар ерекшеліктерін; омыртқалы және омыртқасыз жан-жануарлардың қарапайым айырмашылықтарын; ағзаның қорғану функцияларын; жеке бас гигиенасын сақтаудың қажеттілігін; табиғат ресурстарын тиімді пайдаланудың қажеттілігін түсінеді;

3) табиғи объектілерді, процестер мен құбылыстарды зерделеу үшін жекелеген зерттеу әдістерін; табиғи объектілерді, құбылыстар мен процестерді өлшеудің стандартты және стандартты емес бірліктерін; табиғи объектілердің, процестер мен құбылыстардың кейбір сипатын өлшеудің қарапайым құралдарын; жүргізген зерттеулерді түсіндіру үшін тиісті ғылыми терминологияны; өзі тұрып жатқан жердегі өсімдіктер мен жан-жануарларды жіктеу үшін олардың қарапайым белгілері туралы білімді қолданады;

4) табиғат компоненттері арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды; материалдарды қолдану мүмкіндіктерін айқындау үшін олардың қасиеттерін; белгілі бір аумақтың жануарлар мен өсімдіктер әлемін; алуан түрлі өмір сүру орталарының ұқсастығы мен айырмашылығын; өз зерттеулеріндегі және түрлі дереккөздерден алынған материалдарды талдауда әдеп және мінез-құлық нормаларын сақтайды; адамдардың еңбегін құрметтеп бағалайды;

5) жанды және жансыз табиғаттың объектілері мен құбылыстарына зерттеу жүргізуді жоспарлау және өткізу үшін алынған білімі мен дағдыларын; сурет, сызба, графиктер, диаграммалар, кестелер түріндегі ақпараттық материалдарды; қоршаған ортаны қорғау, микро және макро әлемнің объектілері, құбылыстары мен процестерінің қарапайым үлгілері туралы түрлі мәліметтер жинақтайды;

6) табиғи объектілердің, құбылыстар мен процестердің даму факторлары мен жағдайын; адамның әрекеті мен қоршаған ортаның жағдайына ғылыми-техникалық прогрестің ықпалын; ғылыми-техникалық прогрестің адамның тіршілік әрекетіне әсерін; жасалған болжамға өз зерттеулерінен алынған нәтижелердің сәйкестігін бағалайды.

41. "Адам және қоғам" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) отбасының, мектеп қоғамдастығының құрылымы мен рөлін; адамның ең негізгі әлеуметтік рөлдерін; "адам – қоғам" өзара байланысы туралы бастапқы мәліметтерді; "қауіпсіздік", "киберқауіпсіздік", "денсаулық", "тазалық", "әдеп", "қоғам" ұғымдарын және олардың басты белгілерін; жеке тұлғаның, отбасының, қауымдастықтардың және тұтас қоғамның ерекшеліктері мен рөлін; тұтыну тауарларының негізгі түрлерін және

олардың құрамын; елінің тарихы, географиясы туралы жалпы мәліметті; қазақ халқының дәстүрлері мен фольклорын; Қазақстан Республикасының әлемдегі орны мен рөлін; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін; жалпыадамзаттық құндылықтарды; отбасындағы қарым-қатынас принциптерін; достық қарым-қатынас жасау негіздерін; әдеп және цифрлық әдеп нормаларының негіздерін; салауатты өмір салтының негіздерін; білім алушының құқықтары мен міндеттерін, өз міндеттерін жауапкершілікпен орындау жолдарын біледі;

2) Қазақстан Республикасының азаматы ретіндегі өзінің азаматтық болмысын және белгілі бір ұлтқа қатыстылығын; отбасының, туған жері мен Атамекенінің құндылығын; көпұлтты қазақстандық қоғамның құндылығын; Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің маңызын; қоғамдағы, интернет және әлеуметтік желілердегі қауіпсіздік мінез-құлық нормаларын; өз өмірінің мектеп, ауыл, қала, ел өмірімен тығыз байланыста екендігін; қоғамға қызмет етудің және еңбек етудің маңыздылығын; мамандықтар әлемінің ерекшеліктерін; әртүрлі елді мекен түрлерінің функционалдық және құрылымдық ерекшеліктерін; өз ойы мен сөзінің, іс-әрекетінің бір жерден шығуының маңыздылығын, олар үшін жауапкершілігін; ұлттық салт-дәстүрлердің мәнін; адам өміріндегі және қоғам дамуындағы саяхаттардың рөлін; адамның өзін-өзі тануы мен өзін дамытудың маңыздылығын; еңбек, өзара түсіністік, өмірге қуанышпен қарау, қиындыққа мойымау, мейірімділік, жомарттық, кеңпейілділік, патриоттық, намысшылдық, шығармашылық, жауапкершілік, адалдық, ар-ұят ұғымдарының мәнін және маңыздылығын; салауатты өмір салтын ұстануы керектігін; табиғаттың өмірлік қуат көзі ретіндегі мәнін; табиғатқа қамқорлық көрсетудің маңызын және ұқыптылықпен қарау керек екенін түсінеді;

3) қоғамдық процестер мен құбылыстарды зерттеу үшін, оқу тапсырмалары мен шығармашылық, танымдық, зерттеу, жобалау сипатындағы жұмыстарды орындау үшін жасанды интеллект және ақпараттық–коммуникациялық технологияларды жас ерекшелігіне қарай пайдаланады және өз міндеттерін жауапкершілікпен орындайды; қарапайым қаржылық қарым-қатынастарда өз тәжірибесінде есеп жүргізеді, үнемдейді; салауатты өмір салты, жеке бас гигиенасы, тамақтану және күн тәртібі туралы білімін; дәрігерге дейінгі алғашқы көмек көрсету туралы бастапқы білімін; қоршаған ортаға бейімделудегі өзінің жеке және қоғам тәжірибесін; қоршаған орта қауіпсіздіктері жайлы (табиғи апаттардан) сақтану; отбасында және ұжымда, интернет және әлеуметтік желілерде достық қарым-қатынас, әдеп, мінез-құлық нормаларын қолданады;

4) Қазақстан Республикасының әлемдегі орнын; қазақ халқының және елде тұрып жатқан этностар өкілдерінің мәдени және салт-дәстүрлік ортақ және ерекше белгілерін; жеке тұлғаның, отбасының, мектеп қауымдастығының даму жағдайларын; адам өміріндегі негізгі ресурстардың мәнін; денсаулық пен қауіпсіздік, киберқауіпсіздік шараларын; шынайы немесе жалған ақпараттың айырмашылығын; адамның көңіл-күйі

мен эмоция көрінісін, іс-әрекеттерінің және олардың себеп-салдарын; өзіндік эмоционалдық күйін; өз қиялын белсенді түрде модельдеу және жүзеге асыру жолдарын талдайды;

5) қоғамдық құбылыстар мен процестерді жүйелеу және топтастыру үшін білімі мен дағдыларын; қоғамның кейбір өзекті проблемаларын айқындау үшін білімі мен дағдыларын; кеңістікте (орын), уақытта (хронологияда), әлеуметтік ортада (қоғамда) бағдарлануы үшін жеке шешімдерін; отбасылық, тұлғааралық және қоғамдық салаларда коммуникация модельдерін; өмір қауіпсіздігі, саяхатты ұйымдастыру бойынша өз жобаларын, елінің кең даласын, табиғи байлығын бағалауды, қауіпсіздік ережелерін сақтауды; пәндік, жобалық, зерттеу міндеттерін шешу үшін жасанды интеллект және ақпараттық–коммуникациялық технологияларды жас ерекшелігіне қарай қолдану мен өз міндеттерін жауапкершілікпен орындау жөнінде ойларын жинақтайды;

б) әдептілік нормасы тұрғысынан өзінің мінез-құлқы мен айналадағы адамдардың істерін; отбасының, қоғамның, мемлекеттің әрбір адам өміріндегі маңыздылығын; заманауи өмірдегі дәстүр мен фольклордың рөлін; тұтыну заттарының маңыздылығы мен құндылығын; сабақта өз жұмысына қанағаттану дәрежесін; тұлғааралық, қоғамдық және қаржы-экономикалық қарым-қатынас саласында өзінің ілгерілеу деңгейін, өзінің эмоциялық және физикалық қалпын; адамдардың тәртібін әдептілік нормалары тұрғысынан; өз ойын анық, жасқанбай жеткізу жолдарын, тыңдай білу, достықты құрметтей білу қасиеттерін; медиадағы ақпараттардың өз өміріне деген ықпалын бағалайды.

42. "Технология және өнер" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) өнердің негізгі түрлері мен жанрларын; сызықтардың және формалардың негізгі түрлерін; негізгі және қосымша түстерді; сурет салуға және сәндік-көркем жұмыстарға керекті негізгі материалдар мен құралдарды; өнердің әр алуан түрлерінде жұмыс істеудің негізгі техникалары мен әдістерін; әлемдік және отандық өнер қайраткерлері туындыларының үздік үлгілерін; шығармашылық идеяларды берудің көркем әдіс-тәсілдерін; негізгі музыкалық ұғымдарды; ән орындау мен аспапта ойнауды; музыка тыңдау ережелерін; қазақтың дәстүрлі музыкасының негізгі түрлерін, жанрларын және стильдерін; әртүрлі оркестрлердің музыкалық аспаптарының атауларын; хор мен оркестр түрлерін; Қазақстан композиторларының музыкасын және әлем халықтарының музыкасын; музыка арқылы қызығушылығы мен қабілетін дамыту; жаңалықтарға (смарт аспаптар) ашық болу жолдарын біледі;

2) өнердің өмірмен байланысын; орындау техникасының өнердің түрімен, стилімен, жанрымен байланысын; Қазақстан Республикасының сәндік-көркем өнеріндегі ұлттық салт-дәстүрлердің ерекшеліктері мен маңызын; қазақ халқының және әлем

халықтарының мәдениетіндегі өнер туындыларының маңызын; музыканың өнер түрлерімен байланысын; қазақ халқы мен әлем халықтарының мәдениетін көрсететін дәстүрлі музыканы; халық музыкасының музыка әлеміндегі негіз қалаушы рөлін түсінеді;

3) заттарды бейнелеудегі композицияны; өнердің мәнерлілік құралдарын; идеяларды дамыту үшін әртүрлі ақпарат көздерін және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды; шығармашылық жұмыс жасау үшін әртүрлі көркем материалдарды, құралдарды және техникаларды; шығармашылық жұмысты жасау үшін өнердің түрлері, стилдері мен жанрлары туралы білімді; қауіпсіздік техникасының ережелерін; жеке және ансамбльде, хорда/оркестрде ән айтуда, музыкалық аспаптарда ойнауда сезімді, көңіл-күйді жеткізу үшін, қоршаған өмірдің құбылыстарын дыбыс тілі арқылы түсіндіргенде музыканың түрлері, стилдері және жанрлары туралы білімді; жасанды интеллект және ақпараттық – коммуникациялық технологияларды орынды қолданады;

4) өзінің қызметін жоспарлау үшін әртүрлі дереккөздерден алынған ақпаратты; қазақ халқының және әлем халықтары өнерінің стильдері мен жанрларын; өнер туындыларын жасау үшін қолданылған материалдар мен техникаларды; эксперименталдық, зерттеу жұмыстарын жүргізуде көркем материалдар мен аспаптардың қасиеті мен сапасын; өзінің шығармашылық жұмысының нәтижесін; адам өміріндегі музыканың рөлі мен мәнін; дәстүрлі қазақ музыкасы мен әлем халықтары музыкасының ұқсастығы мен айырмашылығын, сондай-ақ мазмұнын; жеке музыкалық шығармашылық жұмыстарды жасау және импровизациялау үшін әртүрлі дыбыстар мен дыбыс әсерлерін талдайды;

5) шығармашылық жұмыстарды жасау үшін тәсілдер мен техникаларды, материалдың қасиеті мен мүмкіндіктерін; идеяны дамыту үшін түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты, оның ішінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып алынған ақпаратты; шығармашылық жобаларды орындау және идеяларды іске асыру, оның ішінде музыкалық компьютерлік бағдарламаларды пайдалана отырып іске асыру үшін білім, дағды, ақпаратты, өз қиялын жүзеге асыру жолдарын жинақтайды; өз ойын анық, жасқанбай жеткізу тәсілдерін ұсынады және тыңдай біледі;

6) көркем және музыкалық туындылардың негізгі мақсатын, образдары мен идеяларын; шығармашылық жұмыстарды жасау үшін мәнерлілік құралдары мен материалдың қасиетін; жеке/ұжымдық орындалған жұмыстарды орындауда жасанды интеллектіні саналы және жауапкершілікпен пайдаланады; үйренетін музыканың адамгершілік-эстетикалық жағын, алынған шығармашылық қызмет нәтижесін, музыка мен көркем шығармашылықтың өмірдегі рөлін құрметтеп бағалайды.

43. "Дене шынықтыру" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Бастауыш білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) ағзаның дамуына ықпал ететін негізгі дене шынықтыру жаттығуларын, оларды орындаудың принциптері мен техникасын; дене шынықтыру жаттығуларын орындау барысындағы техникалық қауіпсіздік ережелерін; сергіту жаттығулары мен ширатып шынықтыру жаттығуларын орындау тәртібін; дене жаттығуларын орындау кезіндегі ағзадағы өзгерістерді бақылау тәсілдерін; дене даярлығын жақсарту үшін дене бөліктері мен бұлшық еттерді дамыту әдістерін біледі;

2) дене шынықтырудың денсаулықты нығайтудағы маңызын; дене шынықтыру мен спорттың елдің дамуындағы және сол үшін мақтаныш сезімін қалыптастырудағы рөлін; орындалатын жаттығулардың күрделілік деңгейін; түрлі физикалық жүктемелердің талап етілетін қарқындылығына қол жеткізу қажеттілігін; дене, психикалық және эмоциялық салауаттылықты сақтау мен қолдаудың маңызын; түрлі дене жаттығуларын орындау кезінде туындайтын тәуекелдерді түсінеді;

3) келісілген мақсаттарға қол жеткізу үшін өзіндік/бірлескен жұмысты орындау дағдыларын; кешенді дене жаттығуларын орындау кезінде қолданылатын композициялық амалдар мен ережелер туралы білімін; уақытты, кеңістікті, дағды мен қозғалыс координацияларын түсінетінін көрсете отырып, дене жаттығуларын орындаудың дұрыс бірізділігін; дене дамуындағы кемістіктерді және денсаулық үшін ықтимал тәуекелдерді жоятын арнайы жаттығуларды; мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделген балама жаттығулар мен ойындарды; дұрыс тамақтану мен қозғалу режимінің негізгі тәртібін қолданады;

4) топта дене шынықтыру жаттығуларын орындаудағы өзінің жетістіктері мен тәжірибесін; дене шынықтырудың әр түріндегі жеке қабілеттерін және сенімділігін жақсарту; ортақ мақсатқа қол жеткізудегі ынтымақтастық және әділ жарыс жағдаяттарын талдайды;

5) қозғалыс түрлерінен тұратын белгілі бір қозғалыстар комбинацияларын, сондай-ақ түрлі спорт тактикаларын пайдалана отырып стратегияларды; дене шынықтырудың алуан түрлі жағдаяттарына бейімделу үшін білім мен дағдыларды жинақтайды;

б) әртүрлі физикалық жүктемелерді орындау кезінде туындайтын қиындықтар мен тәуекелдерді; өзінің және өзгелердің физикалық мүмкіндіктерін; мектепшілік және мектептен тыс спорттық іс-шараларға қатысу үшін өзінің мүмкіндіктерін бағалайды.

44. Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде критериалды бағалау жүйесін қолданылады.

45. Бастауыш білім беру деңгейінде бағалау 2-сыныптан бастап формативті және жиынтық бағалауды қолдану арқылы жүзеге асырылады.

46. Бағалау инварианттық және вариативтік компоненттердің пәндері мен курстары бойынша жүргізіледі.

47. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін олардың білім алуына, дамуындағы бұзушылықтарды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалады.

48. Бастауыш білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарындағы білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

49. Білім алушылардың жауапты мінез-құлқын қалыптастыру, ашықтық пен адалдықты қамтамасыз ету, әділ білім беру ортасын құру және білім беру сапасын арттыру мақсатында академиялық адалдық қағидалары енгізіледі.

4-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

50. Инварианттық және вариативтік компоненттерді ескере отырып, апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 23890 болып тіркелген) бекітілген "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларға сәйкес белгіленеді.

51. Білім алушылардың инварианттық және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.

Арнайы білім беру ұйымдарының оқу жоспарларында дамудың бұзылу түрлері ескерілген, міндетті түзету компоненті көзделген. Арнайы білім беру ұйымдарының оқу жоспарларындағы инварианттық, түзету және вариативтік компоненттер білім алушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін ескере отырып белгіленеді.

52. Сыныпты екі топқа бөлу қалалық жалпы білім беретін ұйымдардағы сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде 20 және одан артық болған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда - қазақ тілі;
- 2) шетел тілі;
- 3) цифрлық сауаттылық (1-сыныптан басқа) бойынша жүзеге асырылады.

Қалалық жалпы білім беретін ұйымдардағы сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық білім беру ұйымдарында 20 және одан артық болған жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі пәні бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Тиісті мемлекеттік органдар шектеу іс-шараларын енгізгенде, карантин, әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туындағанда бір сыныпты 15 білім алушыға дейін толықтыра отырып, барлық оқу пәндері бойынша сыныпты топтарға бөлу жүргізіледі.

53. Инклюзивті білім беру шеңберінде осы Стандарттың 52-тармағында көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беру қажеттілігі бар балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

54. Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – төрт жыл.

55. Арнайы мектептерде және арнайы сыныптарда оқитын мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі бес жылды құрайды (0, 1-4 сыныптар).

56. Оқу жылының ұзақтығы 1-сыныптарда кемінде 33 оқу аптасын, 2-4 сыныптарда кемінде 34 оқу аптасын құрайды.

Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрі
2025 жылғы 23 қаңтардағы
№ 12 бұйрығына
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрінің
2022 жылғы 3 тамыздағы
№ 348 бұйрығына
3-қосымша

Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – Стандарт) "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 56-бабына, "Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің кейбір мәселелері" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 19 тамыздағы № 581 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі туралы ереженің 15-тармағының 4) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, білім беру мазмұнына, оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне, білім алушылардың дайындық деңгейіне, оқу мерзіміне қойылатын талаптарды айқындайды.

2. Оқу жоспарларын, оқу бағдарламаларын, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерді, педагогтердің біліктілігін арттыру курстары бағдарламаларының мазмұнын әзірлеу, тәрбие жұмысын ұйымдастыру, мектепшілік бақылау, педагогтерді аттестаттау, оқыту нәтижелерін бағалау, білім алушыларды қорытынды аттестаттау және білім жетістіктеріне мониторинг жүргізу осы Стандарт талаптарының негізінде жүзеге асырылады.

3. Стандартта Заңға сәйкес терминдер мен анықтамалар қолданылады. Оларға қосымша мынадай терминдер мен олардың анықтамалары енгізілді:

1) академиялық адалдық – оқудағы білім беру жетістіктерінің шынайылығын қамтамасыз ететін, білім алушылардың мінез-құлқын айқындайтын адамгершілік және этикалық қағидаттар жиынтығы;

2) әлеуметтік GPA (Grade Point Average) – білім алушының оқудан тыс әрекетке, қоғам өміріне қатысуы мен жетістіктерін, сондай-ақ қосымша білім беру нәтижелерін бағалау;

3) білім алушының дайындық деңгейі – күтілетін нәтижелер түріндегі пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерді көрсететін білім алушының білім мазмұнын меңгеру деңгейі;

4) білім берудің базалық құндылықтары – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ете отырып, білім беруді жеке тұлғаны дамытуға бағыттайтын ұстанымдар, сенімдер мен идеялар;

5) білім берудің базалық мазмұны – білім беру ұйымдарының түріне және нысанына, сондай-ақ оқыту тіліне қарамастан, білім алушылардың меңгеруіне міндетті білім мазмұнының құрамы, құрылымы және көлемі;

6) білім беру саласы – сабақтас оқу пәндерінің жиынтығын қамтитын негізгі орта білім берудің базалық мазмұнының құрамдас бөлігі;

7) ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін жеке дамыту бағдарламасы – балалардың ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалау негізінде кешенді көмектің негізгі бағыттары мен мазмұнын анықтайтын бағдарлама;

8) ерекше білім беруді қажет ететін балалар үшін оқу бағдарламаларын бейімдеу – Стандартпен белгіленген көлемге және сыныпта оқу қарқынына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын меңгеруде қиналатын балаларға арнап Үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұнына өзгерістер енгізуі;

9) жеке оқу бағдарламасы – зияты бұзылған білім алушыларға арналған Үлгілік оқу бағдарламалары негізінде олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, жалпы сыныпта оқитын білім алушыларға, зияты бұзылған білім алушыларға арналған оқу пәндерінің мазмұнын айқындау үшін орта білім беру ұйымдарының педагогтері әзірлейтін құжат;

10) кәсіптік бағдарды анықтау диагностикасы – білім алушының мамандық таңдау бойынша қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімділігін зерттеу;

11) көптілді білім беру – ерте жастан бастап кезең-кезеңімен немесе қатарынан бірнеше тілді үйренуді көздейтін білім беру моделі;

12) мазмұндық концептілер – оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз ететін құндылық бағдарлары;

13) метапәндік құзыреттіліктер – білім алушының нақты өмір жағдаяттарында білімді қолдану қабілетін қамтамасыз ететін әмбебап дағдылары мен қабілеттерінің жиынтығы;

14) оқудан тыс әрекет - үлгілік оқу жоспарында белгіленген оқу жүктемесінен тыс іске асырылатын білім беру процесінің бөлігі;

15) оқу жүктемесінің вариативтік компоненті – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктері негізінде білім беру ұйымы айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

16) оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі – үлгілік оқу жоспарының инварианттық және вариативтік компоненттеріндегі оқу пәндерінің мазмұнын меңгеру үшін қажетті және негізгі орта білім беру деңгейлері мен оқу жылдары бойынша белгіленген оқу уақытының көлемі;

17) оқу жүктемесінің инварианттық компоненті – білім беру ұйымдарының типіне, түріне және меншік нысанына, оқыту тіліне қарамастан, барлық білім алушылар оқып білуге міндетті оқу пәндерін айқындайтын үлгілік оқу жоспарының құрамдас компоненті;

18) оқу жұмыс жоспары – білім алушылардың білімге деген қажеттіліктерін ескере отырып, үлгілік оқу жоспары негізінде орта білім беру ұйымы әзірлейтін құжат;

19) оқытудан күтілетін нәтижелер – білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін, тұлғалық қасиеттерінің қалыптасуын көрсететін құзыреттіліктер;

20) пәндік құзыреттіліктер – білім алушының оқу пәні бойынша меңгерген білім, білік және дағдыларын қолдана білу қабілеттерінің жиынтығы;

21) түзету-дамыту бағдарламасы – дамуындағы бұзылыстардың түрлері бойынша мүмкіндіктері шектеулі балалармен түзету-дамыту жұмысының мазмұнын, бағыттары мен реттілігін анықтайтын бағдарлама;

22) түзету компоненті – арнайы білім беру жағдайында оқитын мүмкіндіктері шектеулі балалардың бұзылған функцияларын түзетуге және орнын толтыруға бағытталған арнайы оқу сабақтарының жиынтығын қамтитын Үлгілік оқу жоспарының міндетті компоненті;

23) түйінді құзыреттіліктер – білім беру деңгейін аяқтаған тұлғаның қоғамға табысты бейімделуіне қажетті тұлғалық қасиеттерінің, дағдылар мен қабілеттерінің жиынтығы;

24) үлгілік оқу жоспары – оқу пәндерінің тізбесін реттейтін және тиісті білім беру деңгейіндегі оқу жүктемесінің инварианттық және вариативтік компоненттерінің міндетті көлемін айқындайтын құжат;

25) элективті курс – білім беру даярлығын кеңейтуге бағытталған білім алушылардың таңдау курсы, оқу жоспарының вариативтік компонентінің құрамдас бөлігі.

4. Білім беру сапасын қамтамасыз ету мақсатында негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарларының және Үлгілік оқу бағдарламаларының іске асырылуына үздіксіз мониторинг жүргізіледі.

5. Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартын, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларын іске асыру мониторингінің, білім алушылардың оқу жетістіктерінің, халықаралық салыстырмалы зерттеулердің, ғылым мен технологиялар жетістіктері мониторингінің нәтижелері, сондай-ақ мемлекеттік саясаттың басымдықтары Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына, оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларына өзгерістер енгізу үшін негіз болып табылады.

2-тарау. Білім беру мазмұнына қойылатын талаптар

6. Негізгі орта білім берудің мазмұны:

- 1) қоғамның заманауи талаптарын, ғылым мен техниканың жетістіктерін;
- 2) сыни және шығармашылық ойлауды дамытуды;
- 3) оқу пәндерінің мазмұнын кіріктіруді;

4) пәнаралық байланысты, білім беру деңгейлері арасындағы үздіксіздік пен сабақтастықты қамтамасыз етуді;

5) білім мазмұнының академиялық және практикалық бағыттылығы арасындағы тепе-теңдікті сақтауды;

6) оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын қамтамасыз етуді;

7) білім берудегі инклюзивті тәсілді ескере отырып айқындалады.

7. Негізгі орта білім берудің мақсаты – базалық мазмұнын меңгеруді қамтамасыз ету, құндылықтар негізінде пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерді дамыту, болашақ мамандыққа даярлау.

8. Негізгі орта білім берудің міндеттері:

1) ғылым негіздері бойынша білім қалыптастыру;

2) ойлау түрлерін, функционалдық сауаттылықты, жобалау-зерттеу қызметінің дағдыларын дамыту;

3) базалық құндылықтарға негізделген жеке қасиеттер мен икемді дағдыларды дамыту;

4) болашақ мамандықты саналы түрде таңдауға бағдарлау, үнемі білім алуға ұмтылысты дамыту.

9. Білім беру мазмұны келесі базалық құндылықтарға бағытталған:

- 1) тәуелсіздік және патриотизм;
- 2) бірлік және ынтымақ;
- 3) әділдік пен жауапкершілік;
- 4) заң және тәртіп;

5) еңбекқорлық және кәсіби біліктілік;

6) жасампаздық пен жаңашылдық.

10. Білім беру мазмұны негізгі орта білім беру бағдарламасын аяқтаған білім алушының бойында тұлғаның өзін-өзі жетілдіру, тілдік және коммуникативтік, мәдени-әлеуметтік, еңбек, танымдық, ғылыми және зерттеу, ақпараттық-технологиялық түйінді құзыреттіліктерін қалыптастыруға бағытталған.

11. Құндылықтарға негізделген "Адам", "Ар-ұждан", "Намыс", "Отбасы", "Отан", "Тіл", "Мәдениет", "Білім", "Еңбек", "Табиғат" мазмұндық концептілері оқыту мен тәрбиенің біртұтастығын, дүниетанымын, адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

12. Білім беру процесі құндылыққа, тұлғаға бағытталған, құзыреттілік, конструктивистік, белсенділік, коммуникативтік, инклюзивті тәсілдер негізінде іске асырылады.

13. Негізгі орта білім берудің мазмұны оқыту нәтижелеріне бағытталады және оқу пәндері бойынша Үлгілік оқу жоспарларымен және Үлгілік оқу бағдарламаларымен айқындалады.

14. Зияты жеңіл және орташа бұзылған білім алушыларға арналған білім беру ұйымдарындағы инварианттық компоненттің білім көлемі мен оқу пәндерінің мазмұны Үлгілік оқу жоспарлары мен Үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

15. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларының мазмұны психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың ұсынымдарына сәйкес олардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып бейімделеді.

16. Көптілді білім беру:

1) қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде, орыс және шетел тілдерін деңгейлік меңгеру;

2) оқыту тіліне қарамастан қазақ, шетел тілдерінде жекелеген пәндерді оқытуды ұйымдастыру;

3) қазақ, орыс және шетел тілдерінде сабақтан тыс іс-шаралар мен элективті курстарды ұйымдастыру арқылы жүзеге асырылады.

17. Негізгі орта білім берудің мазмұны "Тіл және әдебиет", "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам", "Технология және өнер", "Дене шынықтыру" білім беру салалары арқылы жүзеге асырылады.

18. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны келесі оқу пәндері арқылы жүзеге асырылады:

1) қазақ тілінде оқытатын сыныптарда "Қазақ тілі", "Қазақ әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі";

2) орыс тілінде оқытатын сыныптарда "Орыс тілі", "Орыс әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі";

3) ұйғыр тілінде оқытатын сыныптарда "Ұйғыр тілі", "Ұйғыр әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі";

4) өзбек тілінде оқытатын сыныптарда "Өзбек тілі", "Өзбек әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі";

5) тәжік тілінде оқытатын сыныптарда "Тәжік тілі", "Тәжік әдебиеті", "Қазақ тілі мен әдебиеті", "Орыс тілі мен әдебиеті", "Шетел тілі".

Әлем әдебиетін оқыту Үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен (білім беру ұйымның таңдауы бойынша).жүзеге асырылады

19. "Тіл және әдебиет" білім беру саласының мазмұны білім алушылардың тілді мәдениеттің маңызды бірлігі, ұлттық құндылық ретінде танып, тілдік бірліктерді сөйлеу әрекетінде әдеби тіл нормасына сай қолдануын, сөйлеу қызметінің тыңдалым және айтылым, оқылым, жазылым дағдыларын дамытуын; қазақ тілін мемлекеттік және ана тілі ретінде меңгеруін, оқу сауаттылығын, қазақ тілін өз мәртебесіне сай қолдану жауапкершілігін, отаншыл сезімін қалыптастыруын; тілдің заңдылықтарын функционалдық тұрғыдан қолдануын, ресми және шетел тілдерін оқытудың маңыздылығын түсінуін, тілдердің ұлттық-мәдени ерекшелігі туралы идеяларды қалыптастыру үшін тіл мен әдебиеттің рөлін, көптілді және көпмәдениетті әлемнің тұтастығын; қарым-қатынас процесінде тұлғааралық және мәдениетаралық байланыстар орнатуын; шығармашылығын дамытуын; мәтіннің тақырыптық-идеялық бірлігін тануын, әдеби ұғымдарды түсінуін, оқырман мәдениетін қалыптастыруын, әлем әдебиеті мен мәдениетіндегі ұлттық әдебиеттің орнын түсінуін; бағалау дағдыларын, сыни пайым, ізгілік дүниетаным, өзіндік көзқарас, поэтикалық ойлау, эмпатия, эстетикалық қабылдау, азаматтық жауапкершілік пен ұлттық патриотизмді қалыптастыруын; оқыту тілінде түрлі ақпарат көздерімен, интернет ресурстарымен жұмыс істей білуін; шығармашылық және сын тұрғысынан ойлауды дамыту мен қолдануды қамтамасыз етеді.

20. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Информатика" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

21. "Математика және информатика" білім беру саласының мазмұны әлемдегі математика мен информатиканың рөлін айқындау және түсіну қабілетін қалыптастыруды; ғылымның әмбебап тілі, математиканы құбылыстар мен процестерді модельдеу құралы ретінде түсінуді; математика мен информатиканы оқу кезінде орта білім деңгейлерінің сабақтастығын, пәнаралық және пәнішілік байланыстарды; жалпы орта білім беру деңгейінде оқуды жалғастыруға және сабақтас пәндерді оқуға, оларды күнделікті өмірде пайдалануға қажетті базалық математикалық білім мен біліктерді меңгеруді; бағдарламалау технологиясының және қазіргі заманғы ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) теориялық негіздері бойынша базалық білім жүйесін меңгеруді; функционалдық сауаттылықты, логикалық, алгоритмдік және операциялық ойлауды, кеңістіктік қиялды, математика мен

информатиканың әртүрлі тілдерін (ауызша, символдық, аналитикалық, графикалық) пайдалану қабілетін дамыту, әртүрлі нысандарда ұсынылған ақпаратты қабылдау және сыни талдау; білім алушыларда шығармашылық ойлауды, проблемалық шешу және ынтымақтастық дағдыларын, талдамалық дағдылар мен техникалық шеберлікті қалыптастыру; оқу қызметінде цифрлық құралдарды қолдану дағдыларын қалыптастыруды қамтамасыз етеді.

22. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны "Жаратылыстану", "Физика", "Химия", "Биология", "География" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

23. "Жаратылыстану" білім беру саласының мазмұны әлемнің қазіргі жаратылыстану-ғылыми бейнесінің негізінде жатқан іргелі ұғымдарды, заңдылықтарды, теориялар мен қағидаттарды, функционалдық білім мен біліктерді, жоспарлау, талдау және өңдеу, түсіндіру, жүйелеу, алгоритм бойынша жұмыс, зерттеу, практикалық-эксперименттік дағдыларды жетілдіру, қорытындыларды бағалау және тұжырымдау дағдыларын қалыптастыруды; табиғатты ғылыми тану әдістерін, табиғатты, экономиканы және қоғамды кешенді зерттеу негізінде адамзаттың ғаламдық және жергілікті проблемаларын түсінуді тереңдетуді; экологиялық мәдениетті, ғылыми, жобалық және кеңістіктік ойлауды дамытуды; патриоттық сезімді, қоршаған ортаға деген жауапкершілікті және оған ұқыпты қарауды тәрбиелеуді; білім алушыларды жаратылыстану ғылымдары бағытында кәсіптік бағдарлауды қамтамасыз етеді.

24. "Адам және қоғам" білім беру саласы оқу пәндерінің мазмұны "Қазақстан тарихы", "Әлем тарихы", "Құқық негіздері", "Жаһандық құзыреттер" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

25. "Адам және қоғам" білім беру саласының мазмұны білім алушыларда "Адам – Қоғам" жүйесі шеңберінде қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бойынша білім негіздерін қалыптастыруға бағдарланады; оқу пәндерінің мазмұны білім алушыларда тарихи ойлау, өткен және қазіргі жағдайды, олардың өзара байланысын түсіну мен ұғыну, тарихи, құқықтық, экономикалық, саяси, әлеуметтік ақпарат көздері материалдары мен цифрлық ресурстар бойынша талдау мен негізделген қорытындылар жасау, оның негізінде тәуелсіз тұжырым жасау, өзіндік сараланған шешімдер қабылдау дағдыларын қалыптастыруға; қазақ халқының тарихына, рухани құндылықтарына, мәдениеті мен дәстүрлеріне құрметпен қарауға, Қазақстанның мүддесін қорғаудың, сол үшін қызмет етудің, тәуелсіздік пен бейбітшілікті сақтаудың маңызын түсіну негізінде белсенді азаматтық ұстаным мен құқықтық сауаттылықты қалыптастыруға; білім алушыларды қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар бағытында кәсіби бағдарлауды іске асыруға; білім алушылардың бойында ұлттық сана-сезімді, ұлтаралық қарым-қатынас мәдениетін, қаржылық сауаттылықты, қоғамдағы және медиа кеңістіктегі қауіпсіз тәртіп мәдениетін, экологиялық мәдениетті, азаматтық жауапкершілікті; қоғамның тұрақты дамуын қамтамасыз ету үшін жергілікті, өңірлік және жаһандық ауқымдағы проблемаларды шешу дағдыларын дамытуға бағытталды.

26. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны "Музыка", "Еңбек" оқу пәндерінде жүзеге асырылады.

27. "Технология және өнер" білім беру саласының мазмұны қоршаған әлемнің бейнесін, өскелең ұрпақтың ортақ мәдениетін тұтас қабылдауды қалыптастыруға, дизайн идеяларын жеткізу және ұсыну үшін цифрлық құралдар мен технологияларды пайдалануға; интерактивті өнер туындыларын жасау үшін робототехника мен бағдарламалаудың негізгі принциптерін қолдану қоғамның ұлттық және әлемдік көркемдік құндылықтары негізінде білім алушылардың эстетикалық, рухани-адамгершілік және эмоционалдық саласын дамытуға, өнер мен технологияның адам өміріндегі рөлі туралы негізгі идеяларды дамытуға, дәстүрлерді түсіну мен құрметтеуге бағытталған қазақ халқының және әлем халықтарының салт-дәстүрлеріне, мәдениетіне және өнерінің әртүрлі түрлеріне; өнердің әртүрлі түрлерінде көркемдік, музыкалық және жобалық іс-әрекетті іске асыруда білімін, іскерлігін және дағдыларын; негізгі технологиялық білімдерін, іскерліктері мен дағдыларын, оның ішінде компьютерлік цифрлық технологияларды қолдана отырып одан әрі дамытуға; әртүрлі музыкалық цифрлық технологияларды қоса алғанда, вокалдық және аспаптық дағдыларды дамытуға; музыкалық мәнерлілік құралдары мен заманауи технологиялары арқылы көркем және көркемдік арқылы әлемді танудың әртүрлі тәсілдерін өз бетінше меңгеруге бағытталады.

28. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны "Дене шынықтыру" оқу пәнінде жүзеге асырылады.

29. "Дене шынықтыру" білім беру саласының мазмұны денсаулықты нығайтуға, негізгі дене қасиеттерін дамытуға және ағзаның функционалдық мүмкіндіктерін арттыруға; қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға, жалпы дамытушылық және түзеу бағытындағы дене жаттығуларымен қозғалыс тәжірибесін байытуға; дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық-сауықтыру іс-әрекеттерінде дағдылар мен біліктерді үйретуге, дене жаттығуларымен айналысуды өз бетінше ұйымдастыруға; техникалық іс-әрекеттер мен негізгі және ұлттық спорт түрлерінің әдіс-тәсілдерін меңгеруге; патриотизмге, өз Отанына деген сүйіспеншілік пен моральдық-ерік қасиеттерін тәрбиелеуге бағытталады.

30. Өмір қауіпсіздігінің негіздеріне оқыту "Жаһандық құзыреттер" оқу пәнінің мазмұны арқылы, сондай-ақ білім беру салаларының оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіру (интеграциялау) арқылы жүзеге асырылады.

31. "Жол жүру ережелері" оқу курсы 5-8-сыныптарда сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағатында әр сыныпта 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсетеді.

3-тарау. Білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

32. Негізгі орта білім беру түлегінің дайындық деңгейі оқу бағдарламаларын меңгеру нәтижесінде білім алушылардың пәндік, метапәндік және түйінді құзыреттіліктерінің қалыптасу дәрежесімен айқындалады.

33. Негізгі орта білім беру мазмұнын меңгеруден күтілетін нәтижелері түйінді құзыреттіліктер түрінде айқындалады:

еліміздің салт-дәстүрлері мен құндылықтарына құрмет көрсете отырып, өзінің мәдени және азаматтық бірегейлігін түсінеді, Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделеріне қызмет етуге дайын екендігін көрсетеді;

елдің этномәдени әртүрлілігін ескере отырып, өзара ынтымақтастық, сыйластық қарым-қатынас пен өзара көмек жасау дағдыларын көрсетеді;

әлеуметтік жобаларға және қоғамдық пайдалы істерге қатысады;

қағидаларды, заңдарды және қоғамдық тәртіпті біледі және сақтайды, тұлғаның құқықтарын сыйлайды;

табандылық көрсетеді және тәртіпті сақтайды, мамандықты саналы түрде таңдауға тырысады;

ғылыми көзқарас пен зерттеулер негізінде стандартты емес шешімдерді табады, шығармашылық белсенділік пен кәсіпкерлік дағдыларды көрсетеді.

34. Білім алушылардың дайындық деңгейі білім беру салаларының ерекшеліктері ескеріле отырып жобаланған оқытудан күтілетін нәтижелер арқылы айқындалады.

35. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің базалық мазмұнын айқындау үшін негіз болады.

36. Орта білім беру ұйымдары (таңдау бойынша) "Математика және информатика", "Жаратылыстану", "Адам және қоғам" білім беру салалары бойынша оқудан күтілетін нәтижелерге "Алгебра", "Геометрия" пәндерін "Математика" пәніне, "Физика", "Химия", "Биология" пәндерін "Жаратылыстану" пәніне, "Әлем тарихы", "Құқық негіздері" пәндерін "Әлеуметтік ғылымдар" пәніне кіріктіру арқылы қол жеткізеді.

37. Білім беру ұйымдарында (таңдау бойынша):

1) орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде оқытатын сыныптарда Үлгілік оқу жоспарларының оқу пәндерін қазақ тілінде;

2) "Математика", "Алгебра", "Геометрия", "Физика", "Химия", "Биология", "Информатика" пәндерін шетел тілінде оқыту жүзеге асырылады.

38. Білім беру салалары (және оқу пәндері) бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер негізгі орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларында оқу мақсаттарында нақтыланады.

39. Оқытудан күтілетін нәтижелер жүйесі білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың жеке даму траекторияларын қалыптастыруға және олардың оқытудың ұзақ мерзімді мақсаттарына кезең-кезеңмен қол жеткізуге ұмтылуына мүмкіндік жасайды.

40. "Тіл және әдебиет" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:

"Қазақ тілі" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда); "Орыс тілі" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда); "Ұйғыр тілі" (ұйғыр тілінде оқытатын сыныптарда), "Өзбек тілі" (өзбек тілінде оқытатын сыныптарда), "Тәжік тілі" (тәжік тілінде оқытатын сыныптарда):

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тыңдалым және айтылым: қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіптік салалардағы мәтіндерін түсінеді; әртүрлі өмірлік жағдаяттарда ауызша тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырады; қарым-қатынас мәдениетін біледі және ұстанады; тілдік қарым-қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикаларын іске асыру үшін түрлі тілдік құралдарды қолданады, ортақ тақырыптағы әңгімені бастайды және диалогқа түседі; проблемалық сипаттағы ақпаратты жинақтай отырып, монолог дайындайды; пікір білдіреді, ойын дәлелдейді; әңгіме нысанасына қатысты сөйлеушінің көзқарасын бағалайды; бірлескен шешім қабылдауға дайын болады, тақырыбы-басы-соңы бойынша мәтін мазмұнын болжайды; өз сөздерін ресімдеу кезінде грамматикалық, стилистикалық нормаларды сақтайды;

2) оқылым: әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі ақпаратты және астарлы мағынаны түсінеді және түсіндіреді; оқу түрлерін біледі, оқу стратегияларын қолданады; әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алады, оларды талдайды және жинақтайды; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық түрлеріне қатысты мәтіндердің құрылымдық, лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады; дәлелдер мен фактілерді ажыратады, ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан мәтінді бағалайды; оқу тапсырмаларын орындауда стандартты емес шешімдер ұсынады; алған білімін өмірде қолдана біледі;

3) жазылым: естіген және оқыған ақпараты жинақтайды, түрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; ақпаратты ұсынудың түрлі нысандарын пайдаланады, мәтін құрастырады; ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете біледі, мәтін жазады; түрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндердің құрылымдық-композициялық, тілдік ерекшеліктерін салыстырады; анықтамалық материалды пайдалана отырып мәтіндерді түзетеді; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі жоспар жасайды; орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтайды; цифрлық құралдар мен платформаларды пайдаланады, жасанды интеллектіге (ЖИ) негізделген дайын құралдар мен қосымшаларды қолдана біледі;

"Қазақ тілі мен әдебиеті" (оқыту орыс, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптарда) / "Орыс тілі мен әдебиеті" (оқыту қазақ, ұйғыр, өзбек және тәжік тілдерінде жүргізілетін сыныптарда).

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тыңдалым: қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени, оқу-кәсіптік салаларындағы мәтіндерді түсінеді; әртүрлі өмірлік жағдаяттарда ауызша тілдік қарым-қатынасты жүзеге асырады; қарым-қатынас мәдениетін біледі және ұстанады; тілдік қарым-қатынастың әртүрлі мақсаттары мен тактикаларын іске асыру үшін түрлі тілдік құралдарды қолданады, ортақ тақырыптағы әңгімені бастайды және диалогқа түседі; фактілер мен пікірлерді ажырата отырып, мәтіннің мазмұнын бағалайды; әртүрлі стильдегі және жанрдағы мәтіндердің негізгі проблемаларын айқындайды; мәтінде айтылған деректер мен құбылыстар, оқиғалар арасындағы байланыстар мен қарым-қатынастарды аша отырып, мәтінді талдайды; иллюстрациялар /негізгі сөздер/тақырыбы/басталуы бойынша айтылған ойдың мазмұнын болжайды;

2) айтылым: талқылау, өзінің пікірін білдіру және оқиғаларды, пікірлер мен проблемаларды бағалау арқылы білім алушы оқылған тақырыптар аясындағы диалогты қолдайды; ұсынылған тақырып бойынша ақпаратты талдайды және жинақтайды; өлең мәтіндері мен прозалық мәтіндердің үзінділерін (таңдауы бойынша) жатқа біледі; оқылатын шығармалардан дәйексөздер келтіре біледі; проблемалық сипаттағы ақпаратты жинақтай отырып, диалог, монолог дайындай алады; пікір білдіреді, ойын дәлелдейді; әңгіме нысанасына қатысты сөйлеушінің көзқарасын бағалайды; бірлескен шешім қабылдауға дайын болады, тақырыбы-басы-соңы бойынша мәтін мазмұнын болжайды; өз сөздерін ресімдеу кезінде грамматикалық, стилистикалық нормаларды сақтайды;

3) оқылым: әртүрлі типтегі, жанрлар мен стильдердегі мәтіндерден негізгі ақпаратты және астарлы мағынаны түсінеді және түсіндіреді; оқу түрлерін біледі, оқу стратегияларын пайдаланады; әртүрлі дереккөздерден қажетті ақпараттарды алады, оларды талдайды және жинақтайды; қарым-қатынастың әлеуметтік-тұрмыстық, әлеуметтік-мәдени және оқу-танымдық түрлеріне қатысты мәтіндердің құрылымдық, лингвистикалық және стилистикалық ерекшеліктерін салыстырады; дәлелдер мен фактілерді ажыратады, ақпараттың өзектілігі мен құндылығы тұрғысынан мәтінді бағалайды; оқу тапсырмаларын орындауда стандартты емес шешімдер ұсынады; алған білімін өмірде қолдана біледі;

4) жазылым: естіген және оқыған ақпараты жинақтайды, түрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндерді жазады; ақпаратты ұсынудың түрлі нысандарын пайдаланады, мәтін құрастырады; ақпаратты талдау және бағалау қабілетін көрсете біледі; түрлі типтегі, жанрдағы және стильдегі мәтіндердің құрылымдық-композициялық, тілдік ерекшеліктерін салыстырады; анықтамалық материалды пайдалана отырып мәтіндерді түзетеді; белгілі бір тақырып бойынша қарапайым, күрделі жоспар жасайды; орфографиялық, грамматикалық және стилистикалық нормаларды сақтайды; цифрлық құралдар мен платформаларды пайдаланады, жасанды интеллектіге (ЖИ) негізделген дайын құралдар мен қосымшаларды қолдана біледі;

"Қазақ әдебиеті" (оқыту қазақ тілінде жүргізілетін сыныптарда), "Орыс әдебиеті" (оқыту орыс тілінде жүргізілетін сыныптарда), "Ұйғыр әдебиеті" (ұйғыр тілінде оқытатын сыныптарда), "Өзбек әдебиеті" (өзбек тілінде оқытатын сыныптарда), "Тәжік әдебиеті" (тәжік тілінде оқытатын сыныптарда).

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) әдебиеттің негізгі даму кезеңдерін; әртүрлі жанрдағы шығармалардың мазмұнын, фольклорда халық тұрмысының, салт-дәстүрінің бейнелену ерекшеліктерін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді біледі, өлең мәтіндері мен прозалық мәтіндердің үзінділерін (таңдауы бойынша) жатқа біледі; оқылатын шығармалардан дәйексөздер келтіре біледі;

2) ұлттық көркем мұраның әлемдік мәдениеттегі орнын түсінеді; әдебиеттің мәдени саладағы маңызды рөлін; көркем әдебиеттің адам өміріндегі мәнін, әдеби терминдер мен әдеби бағыттарды, түрлері мен жанрларын, шығарманың тақырыбын, идеясын, проблемаларын, шығармадағы автордың ұстанымын, көркем шығармалардағы бейнелі суреттеулерді, шығармаларда ашық және астарлы айтылған мағыналарды түсінеді;

3) әдеби тақырыпқа байланысты сыни хабарлама, баяндама, эссе, сұхбат түрлерін дайындау; жазбаша әңгіме құрастыру үшін әдеби кейіпкерлердің диалогын (оқыған шығарманың негізінде) дайындау – кейіпкерлердің біреуіне немесе бір топ кейіпкерге (топтық) мінездеме беру, екі кейіпкерге мінездеме беру (салыстырмалы), өз бетімен оқыған кітапқа шағын жазбаша пікір дайындау; талдау арқылы өздігінен мәтін құрастыру, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданып, оқыған мәтінге өзіндік түсініктеме беру кезінде жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдаланады; өзіне қолайлы оқу ортасын анықтау және көркем шығармаларды бағалау; пікірталастарға немесе көпшілік алдында сөз сөйлеу дағдыларын; қажетті ақпаратты іздестіру үшін алған білім, білік және дағдыларын; оқытылатын шығармаларды талдауға қажетті арнайы терминдер мен ұғымдарды; өзекті проблемаларды талқылау кезінде меңгерген дағдыларын; өз ойын білдіруде, мәдени іс-шараларға, әлеуметтік жобаларға белсенді қатысуда шығармашылық іс-әрекеттің тәсілдерін қолданады;

4) әртүрлі жанрдағы шығармаларға талдау жасайды; өзінің дүниетанымы арқылы оқыған мәтінге аргументтер ұсынады, тақырыпты, идеяны және композицияның ерекшелігін, шығарманың сюжетін, шығарманың тілдік ерекшеліктерін, негізгі эпизодтарын, кейіпкерлердің іс-әрекетін және амалдарын, жазушы стилінің ерекшеліктерін, оларды әлем әдебиеті үлгілерімен және өнер түрлерімен салыстырып талдайды;

5) көркем мәтінді жанры мен түрі жағынан ұқсас шығармамен салыстыра талдауда, фактілерді, детальдарды, тарихи деректерді қолданып түрлі жоспар құруда, тапсырмаларды орындауда, әдеби мәтіндерді талдауда жасанды интеллектіге негізделген дайын құралдар мен қосымшаларды қолданып, қазақ және әлем әдебиеті туындыларындағы құндылықтарды өзара байланыстыра отырып, идеялармен алмасады

және инновациялық шешімдерді бірлесе іздеп; ресурстарды пайдалану арқылы жазбаша мәтіндерді құрастыруда алған білім, білік, дағдыларын жинақтайды;

б) оқыған шығарманы композициялық, стильдік тұтастығы, тілдік ерекшелігі мен коммуникативтік міндеттерді бағалау, тиімділігін сұрыптау; өнер түрлері арқылы жасалған көркем мәтінді интерпретациялауды; академиялық тапсырмалар мен жеке жобаларды қоса алғанда, әртүрлі мақсаттарда цифрлық құралдар мен платформалардың түрлерін қолдану қабілетін бағалайды.

"Шетел тілі":

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тыңдалым: оқыған тақырыптар шеңберіндегі мәтіндердің негізгі мазмұнын түсінеді; фактілерді анықтайды, нақты ақпаратты түсінеді; қосымша ақпарат алу мақсатында тыңдалған ақпарат негізінде күрделі сұрақтар құрастырады; мәнмәтіндік анықтамаға сүйене отырып, естігендерінің мағынасын анықтайды; жалпы және нақты ақпаратты ажыратады; келтірілген дәлелдерде сәйкессіздіктерді табады; цифрлық аудио- және бейне ақпаратты тиімді бағалайды және пайдаланады, сенімді және сенімсіз көздерді ажыратады және бірнеше көздерден ақпаратты синтездейді;

2) айтылым: оқыған тақырыптар шеңберінде мәтіннің мазмұнын айтып береді, оқиғалардың логикалық барысын қалыптастырады; ресми және бейресми стильдерді қолданады; зерттелген тақырыптар шеңберінде ақпаратты ұсынады; оқыған тақырыптар шеңберінде мәтіннің тақырыбы, иллюстрациясы, түйінді сөздері, мәтін үзінділері бойынша ықтимал мазмұнын болжайды; нақты ақпарат алу үшін қарапайым және күрделі сұрақтар қояды; оқу тапсырмаларын орындау, идеялармен алмасу және стандартты емес шешімдерді іздеу үшін жұпта, топта өзара әрекеттеседі; ойларды салыстырады; өз көзқарасын негіздей отырып, ашық пікір айтады;

3) оқылым: оқыған тақырыптар шеңберінде түрлі стильдер мен жанрлардағы мәтіндердің негізгі мазмұнын айқындайды; түрлі стильдегі және жанрлардағы мәтіндердің нақты ақпаратын табады; тақырып, фрагмент, иллюстрациялар, түйінді сөздер бойынша мәтіннің мазмұнын болжайды; автордың көзқарасын немесе пікірін анықтайды; түрлі мәтіндерден алынған ақпаратты сенімді фактілерге сүйене отырып бағалайды; ақпараттық ресурстарды (анықтамалық материалдар, сөздіктер, Интернет, ЖИ) пайдаланады;

4) жазылым: кестелерді, диаграммаларды, схемаларды, сауалнамаларды, формулярларды толтырады; оқыған тақырыптар шеңберінде жоспар құрастырады, мәтінді жазады, түзетеді; коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінді көшірмелер жасайды; бұрын оқылған тақырыптардан өткен, қазіргі және болашақтағы нақты және ойдан шығарылған оқиғаларды сипаттайды; сөйлемдер мен абзацтарды бір-бірімен үйлестіреді; тыныс белгілерін сауатты және дұрыс орналастырады; әдеби

тіл нормаларын және жазылым форматтарын сақтай отырып, түрлі стильдер мен жанрлардағы мәтіндерді жазады; әлеуметтік мәселелердегі жобаларды зерттейді, стандартты емес шешімдерді ұсынады; академиялық адалдық принципін ұстанады.

41. "Математика және информатика" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) элементар математиканың, статистиканың және ықтималдық теориясының негізгі ұғымдарын; сандар классификациясын; нақты сандармен есептеу амалдарын; элементар математиканың негізгі формулаларын; функция ұғымын, оның қасиеттері мен графигін; алгебралық теңдеулер, теңсіздіктер және олардың жүйелерін шешу тәсілдерін; геометриялық фигуралардың қасиеттері бойынша классификациясын; жазық фигуралардың негізгі түрлерінің қасиеттерін және белгілерін; комбинаторика ережелерін; оқиға ықтималдығының классикалық, статистикалық және геометриялық анықтамаларын; статистикалық деректерді жинау және өңдеу әдістерін; ақпарат, ақпараттық процестер, технологиялар мен модельдер туралы ғылыми түсініктердің негіздерін; қазіргі қоғамдағы және әр адамның өміріндегі ақпараттық технологиялардың рөлін; компьютерлік жүйелер мен желілерді құру негіздерін, сондай-ақ олардың бағдарламалық қамтамасыз етумен өзара әрекеттесуін; модельдеу, алгоритмдеу және бағдарламалау арқылы мәселелерді шешу тәсілдерін; әртүрлі цифрлық құрылғылармен дұрыс және қауіпсіз жұмыс істеу ережелерін; ақпаратты өлшеу бірліктерін; жалған және теріс ақпаратты таратқаны үшін жауапкершілік ережелерін; мәліметтер базасын басқару жүйесінің мәнін; компьютерлік жүйелердің компоненттері мен функцияларын; енгізу, өңдеу, шығару және сақтауды қоса алғанда, ақпаратты өңдеу кезеңдерін біледі;

2) математиканың академиялық тілін; санды стандартты түрде жазу тәсілін; квадрат үшмүшенің түбірлері мен коэффициенттері арасындағы байланысты; түрлі қолданбалы есептерді шешуде математикалық модельдерді пайдаланудың маңыздылығын; аксиома мен теорема сияқты математикалық категориялардың мағынасын; жазықтықтағы геометриялық салулар мен өлшемдердің қағидаттарын; таңдау және бас жиынтықтың сандық сипаттамаларының мағынасын; сандық және сапалық талдау жүргізудегі статистикалық деректерді графикалық түрде берудің рөлін; компьютердің негізгі құрылғыларының өзара әрекеттестігін; қолданушының жүйемен жұмыс істеуіне арналған бағдарламалық қамтамасыз етудің қажеттілігін; барлық деректер мен нұсқауларды беру үшін компьютермен екілік кодты пайдалануды; ақпаратты өлшеу бірліктері арасындағы байланысты; ақпаратты және ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолданудың экономикалық, құқықтық және этикалық аспектілерін; интернетке тәуелділіктің адам өміріне тигізетін әсерін; компьютерлік

графиканың түрлерін; әлеуметтік желілерді пайдалану кезіндегі жеке қауіпсіздік ережелерін ажыратуды; проблемаларды шешудің алгоритмдері мен кадамдық рәсімдерін тұжырымдауды түсінеді;

3) алгебралық теңдеулерді, теңсіздіктер мен олардың жүйелерін шешуде математикалық білімді; графигін салу үшін функцияның қасиеттерін; рационал, иррационал және тригонометриялық өрнектерді ықшамдауда математикалық қасиеттер мен формулаларды; математикалық есептерді шешу алгоритмдерін; контекстке сәйкес математикалық терминологияны; нақты сандардың қасиеттерін; нақты сандарды есептеу амалдарын; ауызша және жазбаша түрде дәл және жуықтап есептеуді; геометриялық есептерді шешуде жазық фигуралардың қасиеттерін; геометриялық есептерді шешуге арналған векторлық алгебраның негізгі ұғымдарын; мәтіндік есептерді, практикалық мазмұндағы тапсырмаларды және қолданбалы есептерді шешуге арналған математикалық аппарат пен математикалық модельдерді; қаржылық есептеулер мен операцияларға байланысты есептерді; алынған білім мен дағдыларын экономикалық есептердің қарапайым сұрақтарын шешуде; математикалық есептерді шешуде цифрлық құралдар мен платформаларды; есептерді шешуде комбинаторика ережелерін, ықтималдықтың классикалық, статистикалық және геометриялық анықтамаларын; қажетті ақпаратты жинау, ұсыну, өңдеу, сақтау және беру үшін ақпараттық және коммуникациялық технологиялардың заманауи бағдарламалау құралдарын; объектілер мен процестерді (физикалық, биологиялық, экономикалық және ақпараттық) визуализациялау және зерттеу жұмыстарын жүргізу үшін олардың компьютерлік модельдерін; практикалық есептерді шешу үшін алгоритмдерді жазудың негізгі ережелерін және бағдарламалау тілдері мүмкіндіктерін; құжаттарды жасау, қарастыру және редакциялаудың бірлескен жұмысы үшін жергілікті және ғаламдық желі мүмкіндіктерін; ақпаратты әртүрлі формада ұсынуды; желідегі пайдаланушының қауіпсіздігін қамтамасыз ету ережелерін сақтауды (Интернеттегі алаяқтық және агрессия); сенімді құпия сөз (пароль) жасау жолдарын; электрондық кестеде есептеу формулаларын құра алуды; деректерді өңдеу мен байланысты қоса алғанда, компьютерлерді әртүрлі мақсаттарда қолданады;

4) заңдылықтарды талдайды және олардың негізінде математикалық модельдер құрастырады; статистикалық деректердің берілуінің түрлі нысандарын пайдаланып, статистикалық деректерді; рационал, иррационал және тригонометриялық өрнектерге жасалған түрлендірулерді; теңдеулердің, теңсіздіктер мен олардың жүйелерінің шешімін; геометриялық фигуралардың өзара орналасуын; геометриялық фигуралардың симметриялығының, ұқсастығы мен қозғалысының қасиеттерін; математикалық модельдер құру үшін мәтінді есептердің шарттарын; функциялардың қасиеттерін; графиктер, диаграммалар және әртүрлі сызбалар түрінде ұсынылған деректерді талдайды; цифрлық құралдар арқылы берілген деректерді талдайды және түсіндіреді, деректер жиынтығынан мағыналы қорытынды жасайды; қаржылық деректерді

талдайды және қаржыны басқару туралы негізделген шешімдер қабылдайды; шынайы және ойдағы объектілер мен процестерді зерттеуге арналған компьютерлік модельдерді; ең тиімдісін анықтау үшін компьютерде есептерді шешудің әртүрлі тәсілдерін; бар кателерді анықтау және оларды кейіннен түзету үшін бағдарламалау тілінде бағдарламалау кодын; құжаттың ресімделуінің практикалық талаптарға сәйкестігін; компьютерлік графика түрлерінің артықшылықтары мен кемшіліктерін; таңдалған критерийлер негізінде деректерді іздеуді, сұрыптауды және сүзуді талдайды;

5) математикалық есептерді шешудің алгоритмдерін; статистикалық деректерді өңдеу және талдау нәтижелері бойынша қорытындыларды; аксиомалар мен теоремалар арқылы дәлелді пікірлерді; геометриялық түрлендірулерді қолдана отырып салу есептерін шешу тәсілдерін синтездейді; өз идеяларын ұсыну және іске асыру үшін мәтіндер, кестелер, деректер қоры, графика мен мультимедиа түріндегі ақпаратты; электрондық кестелерде, 3D-редакторларда, сондай-ақ бағдарламалау ортасында объектілер мен процестердің (физикалық, биологиялық, экономикалық) модельдерін; электрондық кестеде диаграммалар мен графиктерді құруды; фигураларды біріктіруді, қиылысуды, азайтуды қолдануды; жауапты цифрлық азаматтық арқылы қауіпсіз және орынды онлайн-орта құруға жәрдемдесуді жинақтайды;

6) есептің контекстке қатысты есептеулер нәтижесін; берілген параметрлердің мәндеріне байланысты функция графигінің орналасуын; шамалардың жуық мәндерін және олардың стандартты түрде жазылуын; жүргізілген тәжірибелер санының артуына байланысты оқиға нәтижесінің абсолюттік және салыстырмалы жиілігін; ақпараттың сапасын, маңыздылығын, пайдалылығын және тиімділігін; пайдаланушының қажеттіліктеріне байланысты компьютердің пішін үйлесімін және бағдарламалық қамтылымын таңдауды; компьютерлік модельдің шынайы объектілерге сәйкестігін; алгоритмнің тиімділігін және оны орындаудың нәтижелерін; ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарының адам денсаулығына теріс әсер етуін; құжаттың ресімделуінің практикалық талаптарға сәйкестігін; сервистік бағдарламалардың мақсатын; түрлі форматтағы файлдарды қысу кезінде мұрағаттау бағдарламаларын; БАҚ хабарламаларын және түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты бағалайды

42. "Жаратылыстану" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) бастапқы географиялық, биологиялық, физикалық және химиялық ұғымдарын; жаратылыстану ғылымдарының қазіргі өмірдегі рөлін; негізгі биологиялық, физикалық, химиялық заңдар мен теориялардың мәнін; көрнекті ғалымдардың жаратылыстану ғылымдарының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесін; эксперименттік және тәжірибелік жұмыстарды жүргізу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін; СИ жүйесіндегі физикалық және химиялық шамалардың өлшем бірліктерін; негізгі және туынды физикалық шамаларды; механика (кинематика, динамика, статика, сақталу заңдары),

жылу физикасы (молекулалық физика және термодинамика), электр және магнетизм (электростатикалық өріс, тұрақты электр тогы, магнит өрісі), оптика (геометриялық), кванттық физика элементтері, атомдық физика, астрономия ұғымдарын, формулаларын, заңдарын және физикалық тұрақты шамаларын; атом-молекулалық ғылым (ілім), атом құрылысы және элементтердің қасиеттерін; химиялық символизм; заттардың классификациясы; биологиялық, химиялық және физикалық құбылыстарды; химиялық байланыстардың түрлері және заттың құрылымын; химиялық реакциялардың түрлері, белгілері мен заңдылықтарын; бейорганикалық және органикалық қосылыстардың маңызды кластары және олардың қасиеттерін; электролиттік диссоциация теориясын; химиялық элементтердің периодтық жүйесінің периодтық заңы мен құрылымын; Қазақстанның химия және металлургия өнеркәсібінің маңызды салаларын; микробиология, молекулалық, жасушалық биология негіздерін; өсімдік және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің құрамдас бөліктерін;

микробиология, молекулалық, жасушалық биология негіздерін; өсімдіктер және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің компоненттерін; өсімдіктердің және жануарлардың негізгі топтарын; эволюциялық дамудың негізі мен заңдылықтарын; сұрыптау әдістерін; тірі ағзаларға қоршаған орта факторларының әсерін, адам іс-әрекетінің қоршаған ортаға әсерін;

географиялық ұғымдарды, объектілерді, процестерді, құбылыстарды; табиғаттың, халықтың және экономиканың өзара байланысын және даму заңдылықтарын; географиялық зерттеу әдістерін, геоақпараттық жүйелердің қызмет ету ерекшеліктерін; географиялық картаны; географиялық қабықты, геосфераларды, географиялық ортаны, табиғат кешендерін; материктер мен мұхиттардың, жекелеген аумақтардың, елдердің және Қазақстан Республикасының табиғат, халқы мен шаруашылық ерекшеліктерін; елдердің типологиясын, экономикалық жүйелердің үлгілері; халықаралық қатынастардың түрлері; Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық бөлінісін, табиғи ресурстық әлеуетін; адамзаттың жаһандық және жергілікті проблемаларының мәнін, табиғатты сақтау және тұрақты даму шараларын біледі;

2) физикалық мәтіндерді, физикалық шамалардың мәндерін стандартты түрде жазу әдістерін; физикалық шамалардың өзара тәуелділігін математикалық формулалар түрінде көрсету тәсілін; физикалық терминдерді пайдалана отырып, негізгі физикалық заңдарды тұжырымдау түсінеді; химиялық реакциялардың жүру жағдайларын; IUPAC номенклатурасы; химиялық өндірістің технологияларын және ғылыми қағидаттарын;

микробиология және биотехнологияның медицинадағы, ауыл шаруашылығындағы және өнеркәсіптегі маңызын; жасушалардағы молекулалар және органоидтар деңгейінде жүретін процестерді; өсімдік және жануарлар ағзаларының ішкі ортасы мен мүшелер жүйесінің функцияларын, өсімдік пен жануарлардың негізгі топтарының

жіктелу қағидаттарын; метаболизм процестерін; жаһандық және жергілікті экологиялық проблемаларды; жердегі биокөптүрлілікті сақтаудағы Қызыл кітаптың рөлін;

табиғи және әлеуметтік-экономикалық заңдылықтардың, процестер мен құбылыстардың мәнін; заманауи географиялық кеңістіктің, аумақтық кешендердің ерекшеліктерін; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың өзара байланыстарын, себептерін, кезеңдерін, салдарын, мәнін; жаһандық және жергілікті проблемаларын, тұрақты даму мәселелерін шығу тегін және оларды шешу жолдарын; қазіргі интеграциялық процестердің мәнін; геосаяси процестерді, Қазақстан Республикасының геосаяси жағдайын; Қазақстанның ұлттық мүдделері мен құндылықтарының мәнін түсінеді;

3) практикалық есептерді шешу, физикалық құбылыстарды және өлшеу құралдарының жұмыс принципін түсіндіру үшін физика заңдары туралы білімді; физикалық шамалардың өзара тәуелділігін анықтауға арналған функциялардың графикасы мен қасиеттері; физикалық құбылыстарды сипаттауға арналған физикалық денелердің негізгі сипаттамаларын; эксперимент жүргізуге арналған өлшеу құралдары мен жабдықтарды; зерттеу есептерін шешуде жасанды интеллект құралдарын; физикалық процестерді түсіндіруге арналған виртуалды физикалық экспериментті; оқу-зерттеу жұмыстарын жүргізу кезіндегі STEM дағдыларды; тірі және өлі табиғаттағы объектілерді, процестер мен құбылыстарды сипаттау үшін негізгі физикалық, химиялық, биологиялық, географиялық ұғымдар мен терминдерді; тәжірибелік-эксперименттік және зерттеу жұмыстарын қауіпсіз жүргізу әдістерін; оқу және қолданбалы міндеттерді шешу, практикалық және зертханалық жұмыстарды орындау кезінде физика, химия, биология, география заңдары мен формулаларын; нәтижелерді ұсынуда графикалық әдістерді; өлшем бірліктерінің халықаралық жүйесін; физикалық және химиялық құбылыстар мен процестердің жүру жағдайларын түсіндіру үшін алынған білімді;

фотосинтез, транспирация, қозғалыстың биомеханикалық ерекшеліктерін, " компьютер-ми" интерфейс технологиясын, аурулардың алдын алудағы вакцинаның ролін, жасанды нейрондық желілердің биологиялық негіздерін зерттеуде, зертханалық жұмыстар мен жобаларда, виртуалды зертханаларда практикалық дағдыларды, жасанды интеллектіні және STEM-технологияны қолданады;

географиялық қабық пен географиялық орта компоненттерінің, аумақтардың сандық және сапалық сипаттамаларын анықтау әдістерін; картометрия әдістерін; бағдарлау және навигация дағдыларын; күнделікті өмірде географиялық, биологиялық, физикалық және химиялық білімді пайдалану дағдыларын; жеке және топтық жұмыс, іскерлік этика дағдыларын қолданады;

4) физикалық процестердің заңдылықтарын; физикалық шамалардың өзара тәуелділігін; қажетті шамаларды табу әдістерін анықтауға арналған сөздік есептердің

шарттарын; табиғат құбылыстарын бақылау және демонстрациялық тәжірибе деректерін; графиктер, кестелер, диаграммалар және әртүрлі диаграммалар түрінде берілген физикалық шамаларды өлшеу нәтижелерін; эксперимент нәтижелеріндегі қателіктердің себептерін; графикалық және кестелік түрде берілген ақпаратты; зат қасиеттерінің оның сапалық және сандық құрамы мен құрылымына тәуелділігін; заттардың қасиеттері мен қолдану аймақтары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды; адам ағзасының дұрыс жұмыс істеуі үшін микроэлементтер мен макроэлементтердің маңызын;

биологиялық процестер мен құбылыстардың заңдылықтарын; тірі ағзалардың мүшелер жүйесінің құрылысы мен функциясын; биогеоценоздағы заттар айналымының процестерін;

географиялық қабық пен географиялық ортадағы процестер мен құбылыстардың себеп-салдарлық байланыстарын, кеңістік ерекшеліктерін; қоғамдық өндірістің жаратылыстану-ғылыми, әлеуметтік-экономикалық негіздерін; сандық және сапалық географиялық мәліметтерді; жекелеген аумақтардың және Қазақстан Республикасының географиялық және геосаяси жағдайын; саяси, экономикалық және әлеуметтік даму ерекшеліктері мен факторларын, Қазақстанның дүние жүзіндегі рөлі мен орнын талдайды;

5) цифрлық құралдар мен технологияларды шығармашылықпен пайдалана отырып жинақталған және өңделген мәліметтерді, кесте, сызбанұсқа, хабарлама, баяндама, таныстырылым түрінде көрсету үшін жинақталған және өңделген деректерді, ақпараттарды; гипотеза, дәлел және түсініктеме жасауға арналған ғылыми модельдерді және дәлелдемелерді; эксперимент және зерттеулер жүргізу жоспарын; эмпирикалық қағидаларды, заңдылықтарды жүйелеу, жіктеу және анықтау үшін тірі және өлі табиғатта болатын процестер туралы білімдерді жинақтайды;

б) есеп контекстінде есептеу нәтижелерін; тәжірибе кезінде физикалық шамаларды өлшеу нәтижелерін; шамалардың жуық мәндерін және олардың елеулі сандарды ескере отырып, стандартты түрде жазылуын; әртүрлі зерттеу әдістерін және әртүрлі өлшеу құралдарын қолданудың кемшіліктері мен артықшылықтарын; зерттеу нәтижелерін өңдеу және талдау нәтижелері бойынша қорытындыларды; математикалық түрлендірулерді қолданып есептерді шешу әдістерін; өлшеу құралдарының қателігін азайту тәсілдерін; физиканың өзекті мәселелері бойынша модельдер мен жобаларды;

зертханалық жұмыс кезіндегі тәуекелдерді; әртүрлі физикалық және химиялық процестердің адам өміріне және қоршаған ортаға әсерін; табиғи биогеоценоздар мен агроценоздардың жағдайын; өндірістің тірі табиғаттың құрамдас бөліктері арасындағы тепе-теңдікті сақтауға әсерін;

пайдалы қазбалар мен табиғи ресурстарды дұрыс пайдаланудың маңыздылығын; географиялық объектілердің, процестер мен құбылыстардың әртүрлі мақсаттар мен қызметке жарамдылық және пайдалану дәрежесін; ресурстар мен табиғи ресурстық

элеуетін; демографиялық, экологиялық жағдайды; зерттелетін географиялық тақырыптар бойынша әртүрлі пікірлер мен көзқарастарды бағалайды.

43. "Адам және қоғам" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:
Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) тарих ғылымының базалық ұғымдарын; тарихи деректердің түрлерін; Қазақстан және әлем тарихының кезеңдерін, оқиғаларын, құбылыстарын, процестерін; маңызды тарихи рөл атқарған тұлғаларды; ұлттық және әлемдік мәдениеттің жетістіктерін; құқық және мораль ұғымдарын; заңнамалық және құқықтық тәртіпті, құқықтық және әлеуметтік құндылықтарды; қазіргі құқықтық жүйені; негізгі құқықтық принциптерді; адамның құқықтары мен міндеттерін; демократиялық институттарды; құқық салаларының базалық мазмұнын;

жеке және қоғамдық қауіпсіздік негіздерін (мектепте, үйде, интернетте), экологиялық жауапты мінез-құлық пен тұрақты даму қағидаттарын, этикет пен этносаралық қарым-қатынас мәдениетінің негіздерін, қаржылық сауаттылықтың негізгі ұғымдарын (кіріс, шығыс, банк қызметтері) және медиасауаттылықтың, соның ішінде цифрлық гигиена ережелерінің негіздерін біледі;

2) Қазақстан және әлем тарихының дамуының тұтастығы мен үздіксіздігін сипаттайтын тарихи оқиғалардың, құбылыстар мен процестердің мәнін; қоғамдық-саяси, экономикалық және әлеуметтік-мәдени даму сипатын; заманауи қоғамдық процестердің тарихи шарттылығын; Қазақстан Республикасының азаматы ретінде ұлттық бірегейлікті; Қазақстан және әлем тарихына, мәдениетіне, дәстүрлеріне, адамның азаматтық құқықтары мен бостандықтарына, қоғам өмірінің демократиялық қағидаларына құрметпен қарауды; мемлекет және құқықтың пайда болу негіздерін, өзара байланысын; құқық салаларының негізгі ұғымдары мен санаттарын; азаматтың құқықтық міндеттері мен жауапкершілігін; қоғамдық қатынастарды құқықтық реттеуді; интернет желісінде қауіпсіздікті сақтау қажеттілігін;

өз әрекеттерінің қоршаған орта мен қоғамға әсерін, этносаралық өзара әрекет маңызын және сыпайы қарым-қатынас ережелерін, ақпараттың цифрлық кеңістікте қалай жасалып, таратылатынын, жеке қаржыны басқару және отбасылық бюджетті жоспарлау негіздерін, сондай-ақ өзін-өзі реттеу мен эмоционалдық интеллектінің әртүрлі өмірлік жағдайларда маңызын түсінеді;

3) Қазақстан және әлемнің саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени дамуын сипаттауда; заманауи қоғамдық қатынастарда өз ұстанымын анықтауда; тарихи материалдарды зерделеуде, тарихи картадағы өзгерістерді, түрлі объектілердің орналасқан жерін анықтауда; тарихи тұлғаларды, оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді салыстыруда тарихи ойлау дағдыларын; тарихи зерттеулер жүргізу мен құқықтық жағдайларды шешуде цифрлық құралдарды;

күнделікті өмірде; заңға сәйкес іс-қимыл мен мінез-құлық тәртібін таңдауда; құқықтар мен бостандықтарды жүзеге асыруда; құзыретті органдар мен ұйымдарға

білікті заң көмегіне жүгінуде; қоғамдық және құқықтық мәселелер бойынша пікірталастарға қатысуда құқықтық ақпаратты;

күнделікті өмірде қауіпсіз мінез-құлық әдістерін (соның ішінде интернетте), жеке және цифрлық қарым-қатынаста этикет ережелерін, жеке және отбасылық бюджетті құру және жүргізу қағидаттарын, қалдықтарды сұрыптау мен ресурстарды үнемдеу сияқты экологиялық әдеттерді, сондай-ақ цифрлық контент жасаудың (презентациялар, блогтар, бейнелер) негізгі дағдыларын қолданады;

4) жалпы сипатты белгілер мен ерекшеліктерін анықтай отырып, Қазақстанның және әлем елдерінің тарихи дамуын; себеп-салдарлық байланыстарын анықтау мақсатында тарихи оқиғаларды, құбылыстарды, процестерді; тарихи тұлғалар қызметінің нәтижесі мен уәждерін; проблемалық сұрақтарға жауап беру үшін түрлі тарихи дереккөздерді; тарихи оқиғаға, құбылыстар мен процестерге түрлі көзқарастарды;

қоғамдық қатынастарды реттейтін нормалар мен механизмдерді; құқықтық қатынастар субъектілерінің құқықтары мен міндеттерін; құқықпен реттелетін практикалық жағдайларды; кәмелетке толмағандардың заңдық жауапкершілігін; түрлі деректерден алынған құқықтық сипаттағы ақпараттарды;

ақпараттың әртүрлі дереккөздердегі дұрыстығын, жергілікті, өңірлік және жаһандық экологиялық мәселелерді шешудегі өзінің ролін, жеке бюджетті оңтайландыру мақсатында кірістер мен шығыстарды, медиаконтенттің адамдардың мінез-құлқына және шешім қабылдауына әсерін, этномәдени айырмашылықтар мен қарым-қатынас формаларының өзара байланысын, сондай-ақ банк қызметтерін пайдалануға байланысты қауіптер мен мүмкіндіктерді талдайды;

5) қоғамдағы қазіргі заманғы саяси, әлеуметтік-экономикалық және мәдени процестерге бағдар алу үшін тарихи мәліметтерді; цифрлық құралдарды шығармашылықпен қолдану арқылы тарихи оқиғаларды зерделеу барысында түрлі дереккөздерден алынған ақпараттарды; өмірлік тұрмыстық жағдайларды шешуде құқықтық ақпараттарды;

әртүрлі идеялар мен пікірлерді біріктіре отырып, топтық жобаларға шешімдер, деректер мен білім негізінде жеке және ұжымдық мақсаттарға жету стратегияларын, ірі мақсаттарға қол жеткізуге арналған қаржылық жоспарлау әдістерін, мектеп пен қоғамдағы экологиялық хабардарлықты арттыру шараларын, сондай-ақ цифрлық технологиялар мен этикет нормаларын қолдана отырып, жаңа коммуникация тәсілдерін жүйелейді, синтездейді;

6) тарихи оқиғаларды, процестерді, құбылыстарды Қазақстан және әлем тарихына әсері контекстінде; түрлі тарихи дереккөздердің шынайылығын; қазіргі қазақстандық қоғамның әлемдік экономикадағы, саясаттағы және мәдениеттегі ролін; қоғамның

қауіпсіз дамуы үшін мемлекеттік-құқықтық институттардың мәнін; жеке деректерді және адамның құқықтары мен бостандықтарын қорғаудың маңызын; қоғам өміріндегі құқықтық тәртіп пен заңдылықтың маңыздылығын;

өзінің қаржылық шешімдері мен стратегияларының тиімділігін, жеке деректердің қорғалу деңгейін және олардың таратылып кетуінің алдын алу жолдарын, конструктивті кері байланыс беру арқылы өз жұмысы мен топ жұмысының нәтижелерін; өзінің әлеуметтік және экологиялық әрекеттерінің салдарын, сондай-ақ күрделі жағдайларда өзін-өзі реттеу және эмоцияларды басқару дағдыларының жетістігін бағалайды.

44. "Технология және өнер" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер:

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) өнер түрлерінің әртүрлі стильдері, бағыттары мен жанрларының жіктеуші мен ерекшеліктерін; дәстүрлі және заманауи өнер туындыларының мәдени құндылығын; үздік әлемдік және отандық музыка және өнер туындылары; қазақ халқының және әлем халықтарының сәндік-қолданбалы өнерінің ерекшеліктерін; халықтық және классикалық музыкалық аспаптардың жіктелуін; әртүрлі материалдардың қасиеттері және оларды өңдеудің негізгі әдістерін; жеке материалдарды қолмен, механикалық, көркемдік өңдеудің негізгі технологияларын; заманауи сандық бағдарламалық басқару жүйелерін (СББ) станоктарды қоса алғанда, құралдар мен жабдықтарды пайдалана отырып материалдарды өңдеу технологияларын; жасанды интеллект мүмкіндіктерін; 2D және 3D нысандарын әзірлеуге арналған графикалық редакторлардың негізгі мүмкіндіктерін; жобаланатын объектілерге қойылатын функционалдық, эстетикалық, экологиялық және эргономикалық талаптарын; тамақ дайындаудың және дастархан жайудың негізгі технологиялары; дұрыс тамақтанудың негізгі ережелері; тамақ дайындаудың және дастархан жайудың негізгі технологияларын; дұрыс тамақтанудың негізгі ережелерін; түрлі іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудің негізгі кезеңдері; жеке гигиенаның негізгі ережелері, тұрғын үйге қойылатын гигиеналық талаптар және олардың денсаулық пен жайлылыққа әсері; экологиялық, эстетикалық және функционалдық талаптарды ескере отырып, интерьерді жобалау және безендіру принциптері; жабдықтар мен құралдармен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік ережелерін біледі;

2) әр түрлі жанрдағы, стильдегі және өнер бағыттарындағы шығармалардың мәдени және көркемдік маңыздылығы, сондай-ақ олардың ұлттық және әлемдік мәдени дәстүрлерді қалыптастырудағы ролін; өндірістік процестерде қолданылатын материалдардың қасиеттері және жобалау міндеттері мен технологияның мүмкіндігіне байланысты оларды өңдеудің тиісті әдістерін таңдау қажеттілігін; қазіргі заманғы сандық бағдарламалық басқару жүйелерін (СББ) қоса алғанда, қол, механикалық құралдар мен технологиялық жабдықтардың жұмыс істеуінің негізгі принциптерін; 2D

және 3D нысандарын әзірлеу процесінде жасанды интеллект пен мамандандырылған графикалық редакторларды пайдаланудың әлеуетті мүмкіндіктерін; жобаланатын объектілерге олардың функционалды, эстетикасын, экологиялық қауіпсіздігі және эргономикасы тұрғысынан қойылатын талаптарын; дұрыс тамақтануды ұйымдастыру принциптері, тұру және жеке гигиенаның гигиеналық нормалары, сондай-ақ олардың адамның денсаулығы мен әл-ауқатын қамтамасыз етуге әсерін; құралдар мен жабдықтарды пайдалана отырып, жұмыстарды орындау кезінде қауіпсіздік талаптарын сақтаудың маңыздылығын түсінеді;

3) 2D және 3D объектілерді әзірлеу және визуализациялау үшін, мамандандырылған бағдарламалық құралдар мен графикалық редакторларда жұмыс істеу дағдыларын; шығармашылық идеяларды әзірлеу мен генерациялаудың жасанды интеллект мүмкіндіктерін; бұйымдарды ресімдеуде және интерьерді ұйымдастыруда ұлттық элементтерді; өз жұмысын жоспарлау және ұйымдастыру әдістерін; материалдардың қасиеттері және оларды қолмен, механикалық орындау үшін өңдеу әдістері туралы білімді қолданады бұйымдарды жасауға арналған сандық бағдарламалық басқарылатын (СББ) станоктарды қоса алғанда, әртүрлі қол құралдары мен жабдықтары; жеке, ұжымдық жұмысты орындау кезінде жасанды интеллект мүмкіндіктерін; өмір сүру және жұмыс (оқу) үшін қолайлы және қауіпсіз жағдайларды қамтамасыз ете отырып, тұрғын үй және қоғамдық кеңістіктерді ұйымдастыру процесіне қойылатын санитарлық-гигиеналық талаптарды; дұрыс тамақтану және тамақтануды ұйымдастыру кезінде тамақ дайындау технологиясын; дайындық процесінде ивент-менеджменттің негізгі принциптерін қолданады;

4) әр түрлі өнер түрлерінің туындыларында ұсынылған шығармашылық идеялар мен ойларын; өнер қайраткерлерінің жұмыстарында және өз жұмыстарында пайдаланылған тәсілдерді, техникалар мен материалдарды; қазақ халқының және әлем халықтарының сәндік-қолданбалы өнерін, бірегей ерекшеліктері мен ортақ элементтерін анықтайды; материалдардың қасиеттерін және оларды өңдеу әдістерін, олардың өнер және технология саласындағы нақты міндеттерді орындауды; олардың сапасын жақсарту мақсатында бұйымдардың прототиптерін; әртүрлі факторлардың (тарих, мәдениет, уақыт, орын) шығармашылық жұмыстың және/немесе бұйымның нысанына, функциясына және эстетикалық қасиеттеріне әсерін; өнердің, технологияның және өндірістің қоршаған ортаға және адам өміріне әсерін; тамақ дайындаудың негізгі технологияларын әр түрлі іс-шараларға ең қолайлысын анықтайды; тұрғын үй мен жеке гигиенаға қойылатын гигиеналық талаптарды, олардың денсаулық пен жайлылыққа әсерін талдайды;

5) бірегей көркем шығармаларды жасау үшін өнердің әртүрлі стильдері мен бағыттары туралы білімдерін; бұйымды жобалау және интерьерді безендіру процесінде дәстүрлі және қазіргі заманғы өнердің элементтерін; жаңа технологиялар мен өнімдерді (бұйымдарды) әзірлеу үшін материалдардың қасиеттері және оларды өңдеу әдістері

туралы ақпаратты; шығармашылық туындыларды әзірлеу және жасау процесінде әртүрлі пәндік салалардағы білім мен дағдыларын бұйымдарды жобалау және әртүрлі интерьерлерді ұйымдастыру кезіндегі функционалдық, эстетикалық және экологиялық талаптарды; шығармашылық жобаларды әзірлеу процесінде цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін синтездейді;

б) әртүрлі өнер туындыларындағы негізгі идеяны, бейнелерді; ұлттық және әлемдік өнер туындыларының көркемдік және эстетикалық құндылығын; өз бетінше және ұжымда орындалған көркем жұмыстар мен бұйымдарды; жобалау және өндіру процесін жетілдіру үшін цифрлық технологиялар мен жасанды интеллект мүмкіндіктерін; материалдардың сипаттамаларын және жобаланатын өнерге қойылатын талаптарды ескере отырып, оларды өңдеу әдістерін айқындайды өнімнің (бұйымның) функционалдық, эстетикалық және экологиялық сипаттамаларын ескере отырып, дайын бұйымдардың сапасы мен қауіпсіздігін; өнімнің (бұйымның) тұтынушылық сапасын бағалайды.

45. "Дене шынықтыру" білім беру саласы бойынша оқытудан күтілетін нәтижелер.

Негізгі орта білім беруді аяқтағаннан кейін білім алушы:

1) әртүрлі спорттық және дене жаттығуларының негізгі ережелері мен принциптерін; спорттық жабдықтардың атаулары мен мақсатын; қозғалыс әрекеттерін орындау ережелері мен тәсілдерін, әртүрлі типтегі дене жаттығуларының жинақтарын; дене шынықтыру және спорт кезіндегі қауіпсіздік негіздерін; салауатты өмір салты мен гигиена негіздерін; дене дайындығы және оның құрамдас бөліктері туралы түсініктерді; негізгі ұлттық спорт ойындарын және олардың ережелерін; спорттық ойындар мен жаттығулардың классификациясын; әртүрлі спорт түрлері бойынша төрелік етудің негізгі ережелерін; анатомия, физиология және биомеханиканы қоса алғанда спорт ғылымының негіздерін; спорттағы адалдық, сыйластық, ұжымдық жұмыс, абырой, тәртіп сияқты құндылықтарды; жаттығу кезінде ағымдағы әл-ауқатты бақылау әдістері мен тәсілдерін (сыртқы және ішкі белгілер бойынша) және физикалық жүктеменің режимдерін (жүрек соғысының негізгі дағдылары және алғашқы көмек көрсету әдістері бойынша); өмірге қауіп төндіретін жағдайдағы мінез-құлық тактикасын, денсаулығында әртүрлі шектеулері бар адамдар үшін балама жаттығулар, ойындар мен іс-шараларды; ұлт денсаулығының маңызын және оны сақтаудағы дене шынықтырудың рөлін; дене шынықтыруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) және жасанды интеллектіні (ЖИ) пайдалану негіздерін біледі;

2) дене шынықтыру жаттығуларының денсаулық пен жалпы даму үшін маңыздылығын, дене жаттығуларының әртүрлі дене жүйелеріне (жүрек-тамыр, тыныс алу, бұлшықет) әсерін; салауатты өмір салтын сақтау қажеттілігін; орындалатын қозғалыс әрекеттерінің күрделілік деңгейлерін; дене шынықтырудың әртүрлі кезеңдерінде әртүрлі дене жаттығуларының қажетті қарқындылығына қол жеткізу қажеттілігін; спортпен айналысу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау қажеттілігін;

дұрыс тамақтану мен физикалық белсенділіктің байланысын, аэробты және анаэробты жаттығулардың айырмашылығын және олардың ағзаға әсерін; әртүрлі спорт түрлері бойынша ойын және төрелік ету ережелерін; ұлттық спорт ойындарының мәдени-тарихи жағдайдағы маңызын; спорт ғылымының принциптерін және оларды дене дайындығы мен спорттық өнімділікті арттыруда қолдануын; жеке және әлеуметтік даму үшін спорттағы құндылықтардың ролін; жасанды тыныс алу және жүрек-өкпе реанимациясы сияқты негізгі өмірді сақтау дағдыларын; төтенше жағдайларда мінез-құлық қағидалары мен тактикасын; дене шынықтыру мен спортта инклюзивті тәсілдің қажеттілігін, денсаулықпен байланысты шектеудің дене шынықтыру және спорт нәтижелеріне әсерін; әртүрлі шектеулермен дене белсенділігін сақтау үшін балама жаттығулар мен әрекеттердің маңыздылығын; дене шынықтырудың ұлт денсаулығына әсерін және аурудың алдын алудағы ролін; оқу процесін жақсарту және дене белсенділігін бақылау үшін АКТ және ЖИ пайдалану жолдарын түсінеді;

3) әртүрлі жаттығулар мен спорттық ойындарды орындаудың дұрыс техникасын; оқу бағдарламасында көрсетілген спорттық ойындар мен циклдік спорт түрлері бойынша тактика мен стратегияларды; дене дайындығын өздігінен бақылау әдістерін (пульсометрия, жаттығуларды орындауға кететін уақытты өлшеу); спорттық ойындарда топпен жұмыс істеу дағдыларын; жарақат алған кезде өзіне-өзі көмек көрсету және алғашқы көмек көрсету тәсілдерін; физикалық форманы сақтау үшін жеке машықтар мен жаттығуларды; мектептегі спорттық іс-шараларда төрешілік етудің ережелері мен принциптерін; ұлттық спорттық ойындар мен жарыстарға қатысу; дене дайындығын арттыру үшін спорт ғылымының принциптерін; оқу және сабақтан тыс іс-әрекеттерінде спорт құндылықтарын ұстану; нақты және оқу-жаттығу жағдайларында құтқару дағдыларын; эвакуациялау және зардап шеккендерге көмек көрсетуді қоса алғанда өмірге қауіп төндіретін жағдайларды шешу тактикасын; спорттық іс-шараларды ұйымдастыру мен өткізудегі инклюзивті тәсілдерін; мүмкіндігі шектеулі адамдарға бейімделген балама жаттығулар мен ойындарды; дене шынықтыру арқылы ұлттың денсаулығын нығайтуға ықпал ететін тәжірибелерді; жаттығу мен дене шынықтыруды талдау және жақсарту үшін АКТ және ЖИ қолданады;

4) дене шынықтыру бойынша өз нәтижелері мен үлгерімін; спорттық жарақаттардың себептері мен салдарын, олардың алдын алу шараларын; өз мақсаттарына байланысты машықтар мен жаттығулар түрлерінің тиімділігін; әртүрлі факторлардың (тамақтану, күнделікті режим, демалыс) спорттық нәтижелерге әсерін; жас және жыныс ерекшеліктеріне байланысты дене дайындығының ерекшеліктері мен айырмашылығын; ойын тәжірибесін жақсарту үшін ойын және төрешілік ережелерін; мәдени дәстүрлерді сақтау үшін ұлттық спорт ойындарының маңызын; жоғары спорттық нәтижелерге жетудегі спорт ғылымының ролін; спорттағы құндылықтардың жарыстардағы мінез-құлық пен нәтижелерге әсерін; құтқару дағдыларының тиімділігін және оларды қолданудың дұрыстығын; тәуекелдер мен залалдарды азайту үшін

төтенше жағдайлар тактикасын; денсаулық шектеулерінің жаттығулар мен спорттық іс-шараларға қатысу мүмкіндіктеріне әсерін; баламалы жаттығулардың тиімділігі және олардың дене дайындығына әсерін; өмір салтына байланысты ұлт денсаулығы туралы деректерді; АКТ және ЖИ көмегімен дене белсенділігі мен спорт көрсеткіштерін бақылау деректерін талдайды;

5) командалық ойындар мен жарыстардың стратегиялары мен тактикасын; нәтижелерін талдау негізінде өзінің физикалық дайындығын жақсарту жоспарын; денсаулықты сақтау үшін физикалық белсенділікті күнделікті өмірге енгізу әдістерін; жарақаттардың алдын алу және денсаулықты нығайту жөніндегі шешімдерді; ұлттық спорт ойындарының элементтерін өз тәжірибесіне енгізу жолдарын; жаттығу көрсеткіштерін жақсарту үшін спорт ғылымының нәтижелерін; адал ойын және өзара құрмет құндылықтарын нығайтатын спорттық іс-шараларды; эвакуациялауды және алғашқы медициналық көмек көрсетуді қоса алғанда, төтенше жағдайлар бойынша іс-шаралар жоспарын; құтқару дағдылары мен қауіпті жағдайларда өзін-өзі ұстау тактикасы бойынша демонстрациялық іс-шараларды; дене шынықтыру бағдарламалары арқылы ұлт денсаулығын жақсарту бастамаларын; физикалық белсенділік көрсеткіштерін жақсарту үшін АКТ және ЖИ қолданысымен жеке жаттығу жоспарларын жүйелейді;

б) өзінің оқу бағдарламасының тиімділігін бағалайды және қажет болған жағдайда түзетулер енгізеді; жас нормаларымен салыстырғанда өзінің физикалық дайындығы мен денсаулық деңгейін; жаттығулардың жалпы денсаулық пен әл-ауқатқа қосқан үлесін; спорттық жарыстар мен іс-шараларға қатысуға дайындығын; дене тәрбиесінің тұлғаның дамуы мен әлеуметтік белсенділігі үшін маңызын; өзінің төрешілік дағдыларын және ойын ережелерін білуін; дене шынықтыруды дамытуға ұлттық спорт ойындарының әсерін; жеке дайындық пен спорттық көрсеткіштердегі спорт ғылымының рөлін; оң әлеуметтік қасиеттерді дамыту үшін спорттық құндылықтардың маңыздылығын; құтқару дағдыларын дұрыс қолдана білу қабілетін; төтенше жағдайлар тактикасының тиімділігін және олардың қауіпсіздікке әсерін; дене шынықтырудың ұлт денсаулығын жақсартуға және аурулардың алдын алуға қосқан үлесін; оқу үдерісін жақсартуда және дене белсенділігін бақылауда АКТ және ЖИ қолданудың тиімділігін бағалайды.

46. Білім алушылардың, оның ішінде ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау кезінде критериалды бағалау жүйесін қолданылады.

47. Негізгі орта білім беру деңгейінде білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау формативті және жиынтық бағалау түрінде жүзеге асырылады.

48. Бағалау инварианттық және вариативтік компоненттерінің пәндері мен курстары бойынша жүргізіледі.

49. Ерекше білім беруді қажет ететін білім алушылар үшін олардың білім алуына, дамуындағы бұзушылықтарды түзетуіне және әлеуметтік бейімделуіне жағдай жасалады.

50. Негізгі орта білім берудің оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау тәртібін білім беру саласындағы уәкілетті орган айқындайды.

51. Білім алушылардың жауапты мінез-құлқын қалыптастыру, ашықтық пен адалдықты қамтамасыз ету, сондай-ақ әділ білім беру ортасын құру және білім беру сапасын арттыру мақсатында академиялық адалдық қағидаттары мен қағидалары енгізіледі.

52. Негізгі орта білім беру деңгейінде кәсіптік бағдарды анықтау диагностикасы арқылы білім алушының мамандық таңдау бойынша қызығушылықтарын, қабілеттері мен бейімділігін зерттеу жүргізіледі.

53. Білім алушыларды жан-жақты дамыту және оларда білім берудің базалық құндылықтары негізінде қажетті негізгі құзыреттіліктерді қалыптастыру мақсатында әлеуметтік GPA (Grade Point Average) бағалау енгізіледі.

54. Әлеуметтік GPA бағалау академиялық үлгерімнен бөлек жүзеге асырылады және негізгі білім туралы аттестаттың қосымшасында тіркеледі.

4-тарау. Білім алушылардың оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар

55. Инварианттық және вариативтік компоненттерді ескере отырып, апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі бекітілген Санитариялық ережелерге сәйкес белгіленеді.

56. Білім алушылардың инварианттық және вариативтік компоненттерден тұратын оқу жүктемесінің жалпы көлемі, сондай-ақ сыныптар бойынша апталық және жылдық оқу жүктемесі Үлгілік оқу жоспарында белгіленеді.

57. Арнайы білім беру ұйымдарының оқу жоспарларында дамудың бұзылу түрлері ескерілген міндетті түзету компоненті көзделген. Арнайы білім беру ұйымдарының оқу жоспарларындағы инварианттық, түзету және вариативтік компоненттер білім алушылардың ерекше білім беруге қажеттіліктерін ескере отырып белгіленеді.

58. Сыныпты екі топқа бөлуге қалалық жалпы білім беретін ұйымдардағы сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық жерлерде 20 және одан артық болған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілінде жүргізілмейтін сыныптарда – қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) шетел тілі;
- 3) еңбек;
- 4) информатика пәндері бойынша жүзеге асырылады.

Қалалық жалпы білім беретін ұйымдардағы сыныптарда білім алушылар саны 24 және одан артық, ауылдық білім беру ұйымдарында 20 және одан артық болған

жағдайда, оқыту орыс тілінде жүргізілмейтін сыныптарда орыс тілі пәні бойынша сыныпты екі топқа бөлуге болады.

Білім беру ұйымдарында сыныптың толымдылығына қарамастан, "Еңбек", пәні бойынша сыныпты екі топқа – ұлдар мен қыздарға бөлуге болады.

59. Инклюзивті білім беру шеңберінде осы Стандарттың 58-тармағында көрсетілген пәндер бойынша сыныпты топтарға бөлу әрбір ерекше білім беруді қажет ететін балаға сынып толымдылығындағы білім алушылардың жалпы санын үшке кеміту есебінен жүзеге асырылады.

5-тарау. Оқу мерзіміне қойылатын талаптар

60. Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі – бес жыл.

61. Арнайы мектептерде және арнайы сыныптарда оқитын мүмкіндігі шектеулі балаларға арналған арнайы оқу бағдарламасын меңгеру мерзімі алты жылды құрайды (5-10 сыныптар).

62. Оқу жылының ұзақтығы кемінде 34 оқу аптасын құрайды.